

Түркістан облысының білім басқармасының « Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы «Дарынды балалар үшін мектептерді дамыту және мемлекеттік қолдау көрсету туралы» №3002 үкімі негізінде, облыс әкімдігінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы №380 шешімімен құрылған.

Мектептің бағыты - физика-математикалық. Мектептің алдына қойған мақсаты - облыс көлемінде математика және физика пәндеріне бейім, денсаулығы мықты оқушыларды іріктеп, оларға ғылым негізінде терең әрі тиянақты білім бере отырып, жеке тұлғаның шығармашылық, рухани қабілеттерін қалыптастыру.

Мектеп-интернат ғимараты 2014 жылы заманауи үлгіде салынған. Мектеп ғимараты- 400 оқушыға, жатақхана ғимараты-300 оқушыға арналған. Барлық үй-жайларының жалпы алаңы-10780,0 шаршы метр. Оқу кабинеттерінің саны-29. Оның ішінде соңғы үлгідегі арнайы пән кабинеттерінен 1 мультимедия кабинеті, 2 информатика кабинеті, 5 математика кабинеті, 4 физика кабинеті, 1 химия кабинеті, 1 биология кабинеті, 2 лингафон кабинеті жұмыс жасайды. Спорт залы, спорт алаңдары, жаттығу залы, мәжіліс залы, 130 орындық асханасы, кітапханасы бар. Кітап қоры-10294.

Қазақ, орыс тілдерінде білім беретін мектептің 15 сынып комплектісінде қазіргі сәтте 332 оқушы бар. Оның ішінде қазақ тілінде оқитын сыныптардың саны-10, орыс тілінде оқитын сыныптар саны-5.

Педагог кадрларды жұмысқа қабылдау конкурстық негізде тесттік жүйемен қатаң түрде білім-білік дағдыларын тексеру арқылы іске асырылады. Мектептің бас демеушісі Қаппаровтар отбасының үлкен материалдық қолдауымен білім беру ісіне өзге аумақтардан, өңірлік іргелі жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардан өз ісінің хас шебері дәрежесіне жеткен кәсіби мамандар арнайы шақыртылған.

2018-2019 оқу жылындағы пән мұғалімдерінің сандық-сапалық құрамы төмендегідей:

Аудан, қала атауы	Мұғалімдер саны	Дипломы бойынша			Оқу түрі		Санаты				Пән бойынша білім жетілдіру курсынан өткені	ЖББМ бойынша курстан өткені	Ағылшын тілі бойынша білім деңгейі (тиісті пәндер үшін)			
		жоғары	орта кәсіптік	аяқталмаған	күндізгі	сырттай	жоғары	I	II	санатсыз			A1	A2	B1	B2
Қазығұрт	51	50	1	0	39	12	23	10	9	9	41	33	0	3	0	1

Қазақстан Республикасы үкіметінің наградаларын иеленгендер саны - 2. Физика-математика ғылымдарының кандидаты-2, педагогика ғылымдарының кандидаты-1. Үш айлық біліктілік арттыру курсынан өткендер саны-18.

Облыстық, Республикалық семинарларға-57 мұғалім қатысып, біліктілігін шыңдады.

Қатаң білім сынағынан сүрінбей өткен дарынды оқушыларға ғана есік ашатын білім ордасы өзінің бас демеушісі Қаппаровтар отбасының үлкен қолдауының арқасында білім теңізінде еркін көсілуге әлеуметтік жағдайы қолбайлау болатын шын дарын иелерін өз шәкірттері қатарына тартуға айрықша басымдық береді. Себебі 2005 жылы желтоқсанда Нұрлан Қаппаровтың мұрындық болуымен құрылған «Нұрлан Қаппаров» қоғамдық қорының мақсаты-дарынды балаларға, әсіресе еліміздің ауылды аймақтарында тұратын әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген және физикалық мүмкіндігі шектеулі дарынды балаларға қайырымдылық көмек көрсету болып табылады.

Мектеп Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 1 ақпандағы №35 бұйрығымен «Н.Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының озат іс-тәжірибесін таратушы тірек мектеп болып бекітілді. Білім мекемесі Шымкент қаласындағы М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетімен, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтымен, физика-математика және химия-биология бағыттарындағы «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарымен және Алматы қаласындағы О.А.Жәутіков атындағы республикалық физика-математикалық мектеп-интернатымен тығыз ғылыми-шығармашылық байланыста. Физика-математика пәндерін тереңдетіп оқыту үшін сабаққа қажетті методикалық, дидактикалық тағы басқа материалдар аталған білім ордаларынан алынады.

2018-2019 оқу жылының қыркүйек айы негізінен ұйымдастыру мәселелеріне арналды. Алдымен оқу-тәрбие жоспары, содан соң барлық сала бойынша атқарылатын жұмыстардың жылдық жоспарлары жасалып бекітілді.

Түрлі деңгейлердегі пән олимпиадалары мен ғылыми жобалар байқауына және интеллектуалды байқауларға дайындық жоспарлары мен дайындық сабақтарының кестесі түзілді. Пән үйірмелері ұйымдастырылып, жетекшілері тағайындалды. 2018-2019 оқу жылында түрлі деңгейлердегі ғылыми жобалар байқауына жолданатын жұмыстар мектепшілік іріктеуден өткізіліп, облыстық білім басқармасындағы тиісті мамандарға жолданды. Сондай-ақ әрбір мұғалімнің өз білімін көтеру жоспары жасалып бекітілді және оқу-тәрбие процесін жетілдіру проблемалары жайлы жұмыс істейтін шығармашылық тақырыптары анықталып, тіркелді.

Қыркүйек айы бойында мектеп әкімшілігі тарапынан 11-сыныптардан 4 рет ҰБТ байқау тесті алынып, оның орташа балы-91,5 болды. Педагогикалық ұжым әрбір байқау тест нәтижесіне мұқият анализ жасап, пән мұғалімдері оқушылармен жүйелі түрде қатемен жұмыс жүргізіп отырды.

Ай бойында оқушылардың сабаққа қатысуы жіті қадағаланды.

05.09.2018ж күнге дейін оқушыларды алфавиттік кітапқа тіркеп, оқушылар қозғалысына бұйрық жазу жұмысы жүргізіліп, оқушылардың іс қағаздары ретке келтірілді.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ – мен байланыс жасалып, келісім шартқа сәйкес жұмыстар іске асырылды.

Жатақханада орналасқан оқушылардың ыстық тамағы, орналасқан бөлмелерінің санитарлық жағдайлары үнемі бақылауда болды.

Мұғалімдердің мамандығы, шеберлігіне қарай педагогикалық жүктеме бөлінді, сыныптарға жетекшілік тағайындалды, оқу кабинеттеріне мұғалімдер бекітілді, мұғалімдердің біліктілік санаттары белгіленді.

Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің ішкі еңбек тәртібін сақтауын, еңбек заңдылығын орындауын үнемі қадағалап жауапкершіліктерін арттыру жұмысын қолға алды.

Сондай ақ мұғалімдердің санитарлық-гигиеналық, техника қауіпсіздік ережелерін орындауы, оқушылардың жазу, сызу құралдарымен қамтамасыз етілуі үнемі қадағаланды.

Негізгі, үйірме, сыныптан тыс жұмыстардың, тәрбие шараларының өту кестелері жасалды.

Оқу бағдарламалары, курстардың жоспарлары, олимпиадаға дайындық бағдарламалары талқыланып бекітілді. Сынып жетекшілердің тәрбие сабақтарын өту кестесі, мектепшілік басшылық пен бақылаудың кестесі жасалды.

Мектептің жарғысымен, жалпы ішкі тәртіп ережелерімен оқушыларды және ата-аналарды таныстыру жұмысы жүргізілді. Жолда жүру ережелерімен, техника қауіпсіздік шараларымен таныстыру, танысқандығы жайлы өздерінің арнайы журналына тіркеу жұмысы жасалды.

Күнделікті және тәрбие жоспарлары жасалып, бекітілді, І-ші жарты жылдықтағы өткізілетін ашық сабақтар мен тәрбие сабақтарының кестесі жасалды.

Филология пәндерінің онкүндігі өткізіліп, іс-шара жоспарына сай ашық үлгілік сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді.

Мұғалімдердің сағат жүктемесі жасалып, бекітілді. Мектептің ОШ-1, РИК есептері аудандық білім бөліміндегі және облыстық білім басқармасындағы тиісті мамандарға дер кезінде тапсырылды.

Жатақханада қыркүйек айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып, қаралды. Сонымен қатар секция бойынша орналастырылған оқушылардың төсек орындарының тазалығы қадағаланды. Жаңадан 7-ші сыныпқа келген оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалды. Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқарылды.

1-қыркүйек күні 7-сыныпқа қабылданған оқушылардың ата-аналарымен келісім-шарттарға қол қойылып, оқушыларға интернат

ғимаратына ішек құртқа анықтамасыз кіргізілмейтіні ескертіліп, ата-аналарға тапсырылды, сонымен қатар тамақ құнын төлеу тәртібі түсіндірілді.

Интернат ғимаратында әр апта сайын жиналыс , тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді.

Тәрбиешілер мен түнгі бала күтушілердің жұмыстарына бақылау жүргізілді.

Мектеп-интернат ғимаратында дәрігер мен медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады.

Мектеп психологы, сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темперамент типтерін анықтап, психологиялық карталарын түзді.

Интернат тәрбиешілері мен оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы бірлесе отырып интернат ғимаратында 7-сынып оқушылармен танысу кешін ұйымдастырды.

Интернатқа кезекші мұғалімдердің өз уақытысында кезекшілікке келуі, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

2-қыркүйек «Білім күні» мерекесі аясында «Мен-өз елімнің патриотымын»


тақырыбында, салтанатты жиын болып өтті. Жиынға зейнеткер ұстаздар, еңбек ардагерлері, басқа ұлт өкілдерінен құралған ата-аналар қатысты.

Жалпы мерекелік іс-шарадан кейін барлық сыныптарда оқушыларды бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға, Отанды сүйуге, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыруға, халқымыздың салт -дәстүрін сақтап, әрі қарай жалғастыруға, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында «Мен -өз елімнің патриотымын», «Казахстан-наш общий дом», «Что такое патриотизм?», «Мен-патриотпын», тақырыптарында ашық үлгілік сабақтар өткізілді. Тәрбие сағатына оқушылар белсене қатысып, өз қызығушылықтарын көрсетті. Өз ойларын еркін жеткізді. Патриот деген сөздің мағынасын талдап, топта өз тапсырмаларын тиісті деңгейде орындады. Талдау барысында тақырыпқа қызығушылық танытып, белсене талдап, бір-бірімен пікір алмаса отырып жұмыс түрлерін бөліп ала білді.


Білім алушылар адамның азаматтық-патриоттық ұстанымын сипаттайтын адамның қасиетін анықтады. Патриотқа тән қасиет жауапкершілік, әділеттілік, төзімділік, адалдық, батылдылық, патриот емес адамның қасиеті өзі өмір сүріп жатқан қоғамды құрметтемеу, жауапсыздық, Отанға деген сүйіспеншіліктің болмауы екенін оқушылар еркін жеткізе білді. Оқушыларға «Сіз қандай қасиетті ең басты деп ойлайсыз және неге?» деген сұраққа жауап беру ұсынылды.

Оқушылар Ұлы Отан соғысына қатысқан бабаларымыздың ерлігі туралы да көп мағлұмат білетіндіктерін көрсетті. Өз беттерімен ізденіп, қазіргі кезде де ерлік жасауға болатынын кең көлемде аша білді. Тәрбие сағаттары өз дәрежесінде өтіліп, мақсаттарына жетті.

Тәрбие сағатының жүру барысынан көріністер:



Сондай-ақ сыныптарда тарих, география, ағылшын тілі, орыс тілі, қазақ тілі, дене шынықтыру пәндері сабақтарында кездесулер , дөңгелек үстел, қызықты іскерлік, рөлдік ойындар, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша арнайы сабақтар өтілді. Кездесуде мәңгілік ел болудағы рухани жаңғырудың маңыздылығы, ұлттық сананы жаңғыртудағы жастардың ролі туралы ашық әңгімелер айтылды. «Болашаққа бағдар» атты видеофильм көрсетіліп, оқушылар ой пікірлерімен бөлісті.





Мектеп бойынша жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Онда 5 күндік оқу жүйесіне ауысу және бірқатар мәселелер қаралды.



5-11 қыркүйек күндері аралығында қоғамда отбасылық құндылықтарды насихаттау, отбасы мен балалар арасында ынтымақтастық қарым -қатынас орнату мақсатында «Отбасы- бақыт мекені» атты апталық ұйымдастырылды.



Жоспар бойынша әр сынып түрлі тақырыптарда ата-аналарды қатыстыра отырып тәрбие сағаттарын ұйымдастырды. Атап айтқанда:

5.09.2018ж. 7 «А» сыныбымен бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы және ата-ана баланың бас ұстазы екенін оқушыларға түсіндіру мақсатында «Берік отбасы – адамның сенімді тірегі» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

7 «Б» сыныбымен «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы» тақырыбында пікірталас өткізілді.

6.09.2018ж. 9 «А» сыныбымен отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдықты, қайырымдылықты, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу мақсатында «Отбасы – тәрбиенің басты ұясы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.



9 «Б» сыныбымен баланы ата-ананы, үлкендерді құрметтеуге, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында «Мен отбасымды мақтан тұтамын» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

7.09.2018ж. күні 10 «А» сыныбымен жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, ата - ана алдындағы парызын өтеуге, жанұяның мақтанышы болуға тәрбиелеу мақсатында «Ең бақытты отбасы» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды.




10 «Б» сыныбымен баланың мейірімді, сыпайы әдеттерді бойына сіңіріп, өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру мақсатында «Менің бақытты отбасым» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.



10 «В» сыныбымен мектеп, ұстаз, ата-ана бірлігін нығайту мақсатында «Ата-анам және мен» спорттық отбасылық сайысы ұйымдастырылды.

8.09.2018ж.10 «А» сыныбымен бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының маңыздылығын ұғындыру мақсатында «Отбасы – тәрбие бастауы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

10 «Б» сыныбымен отбасындағы әке мен ананың, баланың рөлін айқындау, ата-ананы сыйлауға, қадірлеуге, татулыққа тәрбиелеу мақсатында «Шаңырағым – шаттығым» тақырыбындағы тәрбие сағаты өткізілді.



11 «А» сыныбымен достық қарым-қатынасты қалыптастыруға, ұлттық салтты, дәстүрді түсініп, құрметтеуге баулу, алдағы өмірге даярлау, тәрбиелеу мақсатында «Отбасы – бақыты» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

11 «Б» сыныбымен оқушылар мен ата-анасының арасындағы қарым-қатынасын нығайта түсу, сондай-ақ «Мектеп – ата-ана», «Оқушы – ата-ана» байланыстарын бір жолға қою мақсатында ««Отбасы – бақыт мекенім»» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

9.09.2018ж күні үлгілі отбасыларды насихаттау мақсатында «Балалар алдындағы жауапкершілік-өз алдындағы жауапкершілік» тақырыбында жалпы мектеп ата-аналарымен конференция өткізілді.

Онда отбасы – адам тәрбиесі үшін ең жақын әлеуметтік орта екендігі, отбасы белгілі дәстүрлердің жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің

сақтаушысы екендігі, отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игеретіндігі, отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылатындығы, отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі екендігі, қазіргі заман талабына сай толық өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру үшін тұлғаға бағдарланған болуы тиіс екендігі оқушыларға ұғындырылды.

«Отбасы – бақыт мекені» апталығының қорытынды жиынында «Менің отбасым», «Мен отбасымды мақтан тұтамын», тақырыптарында ұйымдастырылған фотоконкурс жеңімпаздары марапатталды. Денсаулық фестивалі мектеп-интернатта өз деңгейінде атап өтілді. Фестиваль ҚР Мемлекеттік Әнұранын орындатып, ҚР Мемлекеттік Туын көтерумен басталды. Мұнда 7-11 сынып оқушылары спорт алаңында сап түзеді. Фестивальдің спорт түрлерінің қалай, қай жерде кімдердің басшылығымен өтетінін, кестесімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З. Петралиева таныстырып өтті. Мұнан соң спорттық сайыстарға кезек берілді. Мұнда 7-11 сынып оқушылары жалпы марафонға қатыстырылды..

Арқан тарту ойынынан ұлдар арасында 7а-сынып, 8а-сынып, 9б-сынып және 10б-сынып, ал қыздар арасында 7в-сынып, 8б-сынып, 9а-сынып және 10б-сынып жеңіске жеткені үшін марапаттауларға ие болды.

Мұнан соң 7-8 сынып аралығында эстафеталық жарыс болды.



Әр сыныптан іріктелген командалар арасында шахмат, дойбы жарысы, арқан тартыс ұйымдастырылды.

Жеңімпаз топтар төмендегідей орындарды иеленді:

Футболдан:

1-орын 10Б сынып

2-орын 8Б сынып

3-орын 9А сынып

Эстафеталық сайыстан:

Волейболдан:

1-орын 9Б сынып

2-орын 10А сынып

3-орын 8В сынып

1-орын 7А сынып

2-орын 7В сынып

3- орын 7Б сынып

Жеңімпаздар мақтау қағаздарымен және заттай сыйлықтармен марапатталды. «Мәңгілік елдің -мәңгілік тілі» тақырыбында тілдер онкүндігі өткізілді. Онкүндіктің іс –шара жоспары жарияланды. Онкүндік аясында гуманитарлық пәндер әдіс бірлестігі мүшелерінің ашық сабақтары өткізілді. Қазақ тілі пәні мұғалімі Л.Омартай 9в сыныбында «Үш ұстаным», Қазақ тілі пәні мұғалімі И.Таженова 7а сыныбында «Әдеби тілдің нормалары» , 11б сыныбында қазақ тілі пәні мұғалімі Бейсенбай Нұржамал «М.Дулатов. «Бақытсыз Жамал» романы тақырыптарында ашық сабақтар өтті.

Орыс тілі пәні мұғалімі Нұрлыбекова Нағима 8б сыныбында «Богатство русского литературного языка» , орыс тілі пәні мұғалімі Насырова Оксана 9в сыныбында «Молодое поколение в комедии А.С.Грибоедова «Горе от ума» 7а сыныбында орыс тілі пәні мұғалімі Петралиева Зулайха «Синонимы русского языка», 8б сыныбында орыс тілі пәні мұғалімі Таласова Ранай «Служебные части речи» тақырыптарында ашық сабақтар өтті.



Қазақ тілі, орыс тілі пәндерінің мұғалімдерінің өткізген ашық сабақтары жаңа технологияларды пайдалану арқылы жоғары деңгейде өтті. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Маликова Салтанат «Olympic medalists» тақырыбымен 9 «а» сыныбында ашық сабақ өтті. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Э.Бұғыбаева 10 «б» сыныбында «Science fiction story» тақырыбымен ашық сабақ өтеді. Сол күні мектеп радиосынан үш тілге байланысты дауыс жазбалары беріліп тұрды. Мектеп кітапханасында «Сөз –жанның тілі, ән -жүректің мұңы, тіл - рухтың үні» тақырыбымен кітаптар көрмесі жасалынды.



«Тіл – халықтар достығының дәнекері» атты тақырыпта сынып жетекшілер мен тәрбиешілердің ұйымдастыруымен фотоколлаж жасалынды. 7-9 сыныптар аралығында «Ана тілім - ата-баба мұрасы» атты шығармалар, суреттер,бүктемелер сайысы және 7-10 сыныптар аралығында «Мәңгілік елдің – мәңгілік тілі» атты қабырға газеттері сайысы жарияланып, тілдер фестивалі соңында аталған сайыстардың қорытындысы шығарылып жеңімпаздар марапатталды.Қазақ тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» атты сөз сайысы өтті.



Орыс тілі пәні мұғалімдері Таласова Ранай мен Петралиева Зулайханың ұйымдастыруымен 7-8 сыныптар аралығында «В гостях у сказки» викториналық ойындары және орыс тілі пәні мұғалімдері Нурлыбекова Нағима мен Насырова Оксананың ұйымдастыруымен 9-11 сыныптар аралығында «Умники и умницы» атты викториналық ойындары өткізілді, бұл сайыстардың қорытындысы да ойындар соңында жарияланып, жеңімпаздар марапатталды. Қазақ тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Менің тілім – мәңгі жасайтын өлең-жыр» атты әдеби кеш өтті, кеш оқушылардың туған тіліне деген сүйіспеншілігін арттырарлықтай өте әсерлі өтті. Орыс тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 7-11 сыныптар аралығында «Русский литературный язык -язык Пушкина и Лермонтова» атты әдеби кеш болды.

«Polyglot» интеллектуалды ойыны, «Kazakhstan – kingdom of 3 languages» атты суреттер және қабырға газеттер байқауы, «Adventures of Aldar Kose» сахналық қойылым, «Trilingual education in Kazakhstan» дөңгелек үстел және «W. Sheakspeare's sonnets» әдеби оқу өткізілді.

23 қыркүйек күні ағылшын тілі пәні мұғалімдері ұйымдастыруымен «Kazakhstan – kingdom of 3 languages» атты концерттік бағдарлама өткізді.

10 «б» сыныбымен «ЕХРО-2017 – Қазақстанның болашағы» атауымен жаһандық мамандандырылған көрменің бүгінгі мен келешегін сөз еткен ашық тәрбие сағаты өткізілді. Оның мақсаты – оқушылардың 1851 жылдан бастау алып келе жатқан дүниежүзілік көрмелер тарихы және 2017 жылы Қазақстанда өткен ЭКСПО көрмесі туралы білімдерін тереңдету, шығармашылық қабілеттерін нығайту, тарихи зерделілік қасиеттерін дамыту болды.

Оқушыларды өзін-өзі тануға және бағалауға, адамгершілікке, бауырмалдылыққа тәрбиелеу мақсатында 13.09.2018ж күні 7 «а» сыныбымен «Ұлтым деп соққан ұлы жүрек» атты тәрбие сағаты өткізілді. Бұл тәрбие сағаты арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеті дамып, рухани дүниесі жетілді. Жасөспірімдердің ой-санасы ояна отырып, өзін-өзі тануды және бағалай білуді, адамгершілік пен бауырмалдылықты түсінді.


7-11 сыныптар оқушыларының психологиялық карталары қаралып, қосымша диагностикаланды. Онда оқушылардың темперамент типтері, зейін тұрақтылығы, жылдамдығы және қазіргі көңіл-күйіне интерпритация жүргізілді. Зерттеу қорытындысы:

8 сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:

к/с	Оқушылардың аты-жөні	сангвиник	холерик	флегматик	меланхолик	амброверт
1	Әзімхан Мереке		Холеро-сангвиник			
2	Лесбаев Шыңғыс					+
3	Абдрасил Нұрдаулет	Сангво-флегматик				
4	Сулайманов Нуринбек			Флегма-меланхолик		
5	Арапов Алмас			Флегма-меланхолик		
6	Қалжигитов Қайрат			+		
7	Алкулова Жұлдыз			Флегма-меланхолик		
8	Досова Аружан			Флегма-холерик		
9	Мәдәлі Нұрайлым	Сангво-меланхолик				

10	Сапарали Нұрсұлтан	Сангво-флегматик				
11	Әбдірәлі Аслан	+				
13	Орынбасар Санжар			Флегма-меланхолик		
14	Абдуқадыр Мөлдір			+		
15	Рысқұл Ерасыл	+				
16	Нұржігіт Мәди			Флегма-меланхолик		
17	Жорабек Азад	+				
18	Сахан Асылбек			+		
19	Тағайбек Нұрбақыт			+		
20	Тасқұл Жәудір					+
21	Мұзаппар Бақдәулет	+				
22	Сламхан Ақбота			+		
23	Жолдыбаева Жанел	Сангво-меланхолик				
24	Бурилбай Ерасыл	Сангво-холерик				
25	Асқар Шұғыла			Флегма-сангвиник		
26	Мырзақұл Жаңыл	Сангво-флегматик				
27	Шегірбай Асылзат					+
Жалпы:		Сангво-флегматик – 14,8% Сангво-холерик – 3,7% Сангво-меланхолик – 7,4% Сангвиник – 14,8%	Холеро-сангвиник – 3,7%	Флегма-меланхолик – 18,5% Флегма-сангвиник – 3,7% Флегма-холерик – 3,7% Флегматик – 18,5%		Амброверт – 11,1%


Диаграмма 1:



Қорытынды: Кесте мен диаграммаға сай сынып оқушыларының басым көпшілігі интроверт екендігі байқалды. Бұл оқушының жаңа ортаға түсіп, біршама бейімделгенге дейінгі көрінісі. Осы орайда сынып ұжымымен сұхбат жүргізілді. Баланың өз ойын еркін жеткізуіне, қарым-қатынасты нығайтуына бағыт-бағдар көрсетілді.

да сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:





к/с	Оқушылардың аты-жөні	сангвиник	холерик	флегматик	меланхолик	Амброверт
1	Әбдіхалық Әлия			+		
2	Абдурахманов Мұрат			+		
3	Абдыхадыр Балжан				+	
4	Алеуетдинов Алтынбек	+				
5	Амангелді Еркебұлан					+
6	Арипбай Нұрай			+		
7	Асильбек Әділет	+				
8	Әбдуәлі Алиаскар			+		
9	Әбубәкір Зарина	+				
10	Арипбай Назерке		+			
11	Бошаева Жания		+			
12	Дарханбай Дамир			+		
13	Сламхан Әділет			+		
14	Қуаныш Нұргелді			+		
15	Құттыбек Шұғыла			+		
16	Мелдехан Аяулым			+		
17	Мергенбай Бақытжан				+	
18	Мұстапаев Нұртас				+	
19	Оразбай Жасарал			+		
20	Рахманберді Нұрлыбек					+
21	Сабит Жеңіс	+				
22	Сапарбек Адина	+				
23	Сапархан Али			+		
24	Сейлбек Әділбек					+
25	Суннатова Құралай			+		
26	Турсумурат Венера					+
27	Хасен Ислам	+				
Жалпы		6 – 22,2%	2 – 7,5%	12 – 44,4%	3 – 11,1%	4 – 14,8%



Итог диагностирования 8в класса:

№	ФИ учащегося	Темперамент	Способность запоминания	Внимательность	Быстрота мышления
1	Нұртас Назгуль	холерик	среднее	Неустойчивое	быстрый
2	Мергенбай Назым	сангвиник	Сред.высокое	устойчивое	медленный
3	Махамбеталин Мейіржан	Флегма-меланхолик	среднее	Неустойчивое	медленный
4	Алдияр Бекзат	Флегма-меланхолик	среднее	Неустойчивое	медленный
5	Дүйсенбай Ердаулет	сангвиник	Сред.высокое	устойчивое	быстрый
6	Сапарбек Айбек	флегматик	среднее	Неустойчивое	медленный
7	Нигай Нурсултан	меланхолик	Сред.высокое	устойчивое	быстрый
8	Абдибай Диана	флегматик	среднее	Неустойчивое	медленный
9	Демеуов Жанболат	сангвиник	среднее	Неустойчивое	медленный
10	Шаденов Нурахмет	сангвиник	среднее	Неустойчивое	быстрый
11	Зікірія Асем	меланхолик	сред.высокое	устойчивое	медленный
12	Джумадилов Нурсултан	сангвиник	сред.высокое	устойчивое	быстрый
13	Амирбек А.	флегматик	среднее	Неустойчивое	медленный
14	Заманбек Г.	флегматик	сред.высокое	устойчивое	быстрый
15	Рысбаева Гаухар	Сангво-меланхолик	среднее	Сред.устойчивое	быстрый
16	Жұмахан Д.	флегматик	среднее	устойчивое	быстрый
17	Сабитов Ә.	флегматик	среднее	устойчивое	быстрый
Всего		Сангв – 28,6% Флегм – 35,7% Холерик – 14,3% Меланх – 7,1% Флегма-меланх – 14,3%	Сред.высокое – 42,9% Среднее – 57,1%	Неустойчивое – 57,1% Устойчивое – 42,9%	Быстрый – 35,7% Медленный – 64,3%

Типа темперамента



Заключения: по результату тестирования у 8-х классов запоминание, мышление на среднем уровне. Число активных учеников много. Заданные

работы ответственно выполняют. С классом проводить тренинги и групповую беседу.

Кеңес беру бағыты бойынша О-11, Т-5, М-1, А-А-1 кеңес берілді. Тәрбиешілердің сұранысы бойынша 4 оқушымен жұмыс жүргізілді (жекеленген сауалнама алынып, «Бір қыз туралы ертегі» әдісі қолданылды). Интернат ғимаратындағы кезекшілікті атқару барысында ортаңғы буын сынып оқушыларымен жекеленген және топпен жұмыстар жүргізілді. Онда оқушының ішкі тәртібі, гигиенасы, өзара қарым-қатынасы, сөйлеу мәдениеті, көңіл-күйі туралы әңгімелер жүргізілді. «Инабат» қыздар клубының жұмысын жандандыру мақсатында, мектептің қыз балаларымен жиналыс ұйымдастырылды. Жиналыс барысында ортаңғы буын сыныптың қыз балаларына клуб ережелері таныстырылып, көмекші қыздар мен қыздарға жетекшілік ететін маман сайланды. Оқу-сауықтыру лагеріне баратын оқушылардың қабілеттері зерттеліп, мінездеме жазылды.

2018-2019 оқу жылында келген оқулықтар мектеп есебіне алынып, сыныптар бойынша бөлінді. Бірінші орында тұл жетім, жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушыларға оқулықтар таратылды. Мектеп кітапханасында жазушы Шерхан Мұртазаның туылғанына 86 жыл толуына және жазушы, ғалым, қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың туылғанына 121 жыл толуына арнап көрме ұйымдастырылды.

7,8,9-сыныптар арасында «Өзіңді өзің тани біл» тақырыбында тренинг-сабақ өткізілді. Тренингтың мақсаты: оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнату, бірін-бірін сыйлауға, өздерін –өздері түсінуге, бағалауға және жаман әрекеттен жақсы әрекетті ажырата білуге тәрбиелеу.



06.09.2018ж күні 11 сыныптармен «Стреспен күресу, жолдары» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренингтің мақсаты: жаттығулар жасау арқылы оқушылардың көңіл күйлерін көтеру, оларға стрессті жену

жолдарын үйрету, тренинг барысында оқушылардан «Сіз стресті бағындыра аласыз ба?» атты тест алынды, оқушылар тренингтен үлкен әсер алды 12.09.2018ж күні 11-сыныптармен дөңгелек үстел түрінде ҚР «Балалар құқығы туралы» заңы мен БҰҰ-ның «Балалар құқықтар туралы» халықаралық конвенциясы талқыланды.

Облыстық пән олимпиадасына дайындық топтары жасақталып, олимпиадаға дайындық сабақтарының кестесі түзілді.

27.09.2018ж күні 3 айлық деңгейлік курстардан өтпеген, 7-сыныптарға сабақ беретін пән мұғалімдерімен «Критериалды бағалау-сапалы білім негізі» тақырыбында семинар –тренинг өткізілді. Семинар тренинг төмендегі жоспар бойынша өтілді:

№	іс-шара мазмұны	түрі	нәтиже
1	Мектеп үйлестірушісінің жоспарымен таныстыру	жоспар	жоспармен танысады, атқарылатын жұмыстардың мазмұнын, реті мен мерзімін біледі
2	«Условия достижения успеха»	видеоролик	жұмысқа мақсат қойғанның нәтижелі болатындығына көз жеткізеді
3	Критериалды бағалау жүйесінің құрылымымен таныстыру	слайд	критериалды бағалау жүйесін еске түсіреді
4	ОМЖ-ға критериалды бағалау шаблонын жасау жолдарын түсіндіру.	слайд	критериалды бағалау жүйесін еске түсіреді
5	Рубрика жасау үлгісі	слайд	Рубрика жасауды біледі
6	Модерация жасау үлгісі	слайд	Модерация жүргізеді



20.09.2018ж күні Ұлттық білім беру деректер қорын толтыру бойынша Қазығұрт елді мекеніндегі Т.Рысқұлов мектебінде өткізілген семинарға ДҒЖО А.Нурсейтов пен информатика кабинетінің зертханашысы А.Сұлтанов қатысты.

Мектеп әкімшілігі 11-сынып оқушыларын қажетті тест материалдарымен қамту бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді. Атап айтсақ мектептегі информатика кабинетіндегі компьютерлерге электронды тесттер орнатылып, 11-сынып оқушыларының осы тесттер бойынша дайындылуын реттейтін жұмыс кестесі жасалып, толыққанды жағдай жасалды. Мұнан өзге 2017-2018 оқу жылының базалық тесттері кітапша түрінде шығарылып, оқушыларға ұсынылды.

Қараша айының 15-16 жұлдыздары аралығында мектеп әкімшілігі тарапынан барлық негізгі пәндерден 7-10 сыныптардан айлық қорытынды тест алынып нәтижесі төмендегідей болды:

№	Пәндер атауы
сыныптар	
Қаз.тілі	
Орыс тілі	
Ағылшын тілі	
Математика	
Физика	
Қазақстан тарихы	
География	
Биология	
Химия	
Барлығы:	

1	7^а-сынып	7,2	5,8	6,5	8,8	9,1	5,7	7,0	7,6		7,2
2	7^б-сынып	7,2	5,8	6,7	7,9	8,3	5,3	7,1	7,7		7
3	7^в-сынып	8,2	10	7,2	4,9	7,2	5,8	9,5	7,6		7,5
4	8^а-сынып	9	9,9	6,2	9,6	10,2	11,1	7,2	7,6	12,1	6,9
5	8^б-сынып	9,1	6,3	5,5	9	7,4	10,1	7,8	8,1	9,7	9,2
6	8^в-сынып	9,1	9,1	6,8	8,6	7,5	6,6	5,1	3,7	8,9	8,1
7	9^а-сынып	8,2	7,8	6,5	4,3	10,5	5,7	6,4	5,1	7,7	7,2
8	9^б-сынып	9,8	9,1	8,2	3	10,6	5,9	6	5,1	8	7,3
9	9^в-сынып	9,6	8,9	7,9	3	10,4	5,7	5,9	5,0	8	7,1
10	10^а-сынып	15,1	11,5	11,1	11,5	17,6	10,5	13,2	17,1	9,4	13
11	10^б-сынып	17,2	14,5	10,3	12,3	11,6	9,6	14,1	14,3	7,4	12,3
12	10^в-сынып	17,1	14,4	10,1	12,0	11,4	9,3	14,0	14,1	7,2	12,1
	Мектеп бойынша	10,0 1	8,98	7,5	7,99	10	7,63	8,34	8,39	9,02	8,65

19.11.2018 ж. күні «Н.Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының озат педагогикалық тәжірибесін пән мұғалімдеріне меңгертуді мақсат еткен «Критериалды бағалау жүйесі-сапалы білім кепілі» тақырыбындағы мектепішілік семинар-кеңес болып өтті. Мектебіміздің 48 пән мұғалімінің басын қосқан семинар-кеңесте баяндамашылар слайдтар қолдана отырып, лекция түрінде зияткерлік мектептердің тәжірибесінде қолданылатын критериалды бағалау жүйесі жайлы жан-жақты түсіндіре келіп, аталған тәжірибе бойынша пән мұғалімдеріне нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай ақ баяндамашылар мұғалімдердің зияткерлік мектептердің тәжірибесі жайлы ізденуіне жағдай жасау үшін шығармашылық топтардың ғаламторға енуін, пән мұғалімдерінің Шымкент қаласындағы облыстық әмбебап кітапханалардан ізденуін, тьюторлардың ғаламторды қолдануын, пән мұғалімдеріне ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің дәрістерін ұйымдастыруды реттейтін жұмыс кестелері жайлы мағлұмат беріп, слайдтардан көрсетіп өтті. Семинар-кеңес мүшелері баяндамашылар

тарапынан берілген әдістемелік кеңестер мен тапсырмаларды тыңдай келіп бірауыздан:

1. «Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу-тәрбие үрдісіне «Н.Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының озат педагогикалық тәжірибесін енгізу бағдарламасы» жүзеге асырылсын;
2. Педагогикалық ұжым аталған бағдарламада көзделген іс-шараларды жүзеге асыруға белсене атсалысып, өздеріне жүктелген функцияларды жауапкершілікпен атқарсын деген екі ұсыныс жасады.

14.11-15.11.18ж. күндер аралығында жас мамандар физика пәнінің оқытушысы Д.Тружникова пен ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.Назардың сабақтарына тәлімгерлердің бір апталық ескертусіз енуі ұйымдастырылды. Тәлімгерлер бір апта бойы аталған екі жас маманның сабақтарына еніп, сабақ өту әдістемесін, теориялық даярлық деңгейлерін мұқият бағамдады, іс-құжаттарын жүргізу деңгейіне, қоғамдық жұмыстарына сараптама жасады. 15.11.18ж. күні осынау іс-шара нәтижесін шығаруды мақсат еткен жас мамандар мен тәлімгерлер қатысқан дөңгелек үстел болып өтті. Тәлімгер ұстаз Н.Мырзакулова сөз алып, жас маман Д.Тружникованың сабақтарға теориялық даярлық деңгейіне, сабақ өту әдістемесіне, мұғалім іс-құжаттарын жүргізу жұмысының сапасына, өткізген ашық сабақтары мен сыныптан тыс іс-шараларына, қоғамдық жұмыстарына жан-жақты сараптама жасап өтті. Тәжірибелі педагогтардың сабақтарына көп енуге, пәні бойынша білімін жетілдіре түсуге, сынып журналын толтыру жұмысына қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

Тәлімгер Э.Бұғыбаева жас маман Г.Назардың сабақ өту әдістемесі жайлы пікірін айтты. «Сабақтарда қызығушылығы төмен оқушылармен жұмысқа айрықша көңіл бөліп, әр жаңа сабақ өткенде және сабақ сұрағанда алдымен соларға көңіл бөлу қажет және сыныптың үздік оқушыларын үлгерімі төмен оқушыларға жеке-жеке бекітіп білім деңгейінің көтерілуіне тікелей жауапкершілігін қалыптастыру да оң нәтиже береді»- деп атап көрсетті Э.Бұғыбаева. Дөңгелек үстел қорытындысында жас мамандар Д.Тружникова мен Г.Назар тәлімгерлердің ұсыныстары мен пікірлері өздеріне мол тәжірибе мен сабақ болғандығын айтып, кемшіліктерін жою бағытында жұмыс жасайтындықтарын айтты. Дөңгелек үстел қорытындысында оның мүшелері аталған жас мамандардың педагогикалық қызметін қанағаттанарлық деп тану жайлы және аталған жас мамандарға айтылған ұсыныстар мен кемшіліктерді жою бағытында жұмыс жасау туралы ұйғарымдар жасады.

07.11-08.11.18ж. күндер аралығында «Ұлағат» шығармашылық тобынан Н.Бейсенбайдың, «Зерде» шығармашылық тобынан Э.Бұғыбаеваның, «Парасат» шығармашылық тобынан Ж.Кененбаеваның жаңартылған білім беру мазмұны жайлы шығармашылық есептері шығармашылық топтар отырыстарында тыңдалды және аталған мұғалімдер көрсетілген күндер аралығында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бір ашық сабақтарын практика жүзінде көрсетті. Шығармашылық топтар ұйғарымымен барлық шығармашылық есептер педагогикалық мерзімді баспасөзде жарық көруге жолданды.

Ай бойында «Жас ғалым» ғылыми қоғамы мүшелерінің ғылыми-шығармашылық жұмыстары тьюторлық қызмет негізінде жүзеге асты.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқаруы мақсатында, жатақханада қараша айында дәрігер, медбике, тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілердің әрбір жұмыстары бақыланып қаралды. Сонымен қатар секция бойынша орналастырылған оқушылардың төсек орындарының тазалығы қадағаланды. Күнделікті оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалынды.

Интернат ғимаратында апта сайын жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді. Тәрбиешілермен қоса түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді. Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады. Медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады. Мектеп психологы мен бірлесе сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темпераменттік типтерін анықтап, психологиялық сараптамаларын, карталарын түзді.

ДТІЖО-ның түзген кезекшілік кестесіндегі кезекші мұғалімдердің өз уақытысында, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалады және де тиісті бөлмелерге бөлінді. Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым –қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға ескертілді.

«Жас ғалым» ғылыми қоғамының онкүндігі болып өтті. Ғылыми қоғамның әрбір секциясы бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді.



Осы конференцияларда үздік деп танылған төмендегі ғылыми жобалар оқушылардың республикалық ғылыми жоба жарысының облыстық кезеңіне ұсынылды. Нәтижесінде төмендегі 06 оқушының жұмыстары конкурстың іріктеу кезеңінен өтті.

Жоспарға сәйкес республикалық «Русский медвежонок» интеллектуалды олимпиадасы өткізілді.

Ай бойында 7-10 сыныптың 61 оқушысы география, ағылшын тілі, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінен КИО-ға қатыстырылды.

04 желтоқсан күні оқушылардың республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңіне баратын оқушылармен кездесу өткізілді. Кездесуде оқушылардың жұмыстары қайта тексерілді және әрбір қатысушыға конкурсқа қатысу кезіндегі ережелер, этика, эстетикалық нормалар таныстырылды.



Мектептегі деңгейлік курстардан өткен 20 мұғалім мүше болып табылатын мектепшілік ғылыми әдістемелік кабинет ашылды. Ол кабинетті ашудағы мақсат- мектептегі деңгейлік курстардан өтпеген мұғалімдерге тәлімгерлік жұмыстар жүргізу. Әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспарына сай қараша айындағы әр аптаның сәрсенбі күндері жас мамандарға тәлімгерлік жұмыстар жүргізілді. Олардың сабақтарына ену арқылы сабақтарында кездесетін проблемаларға талдау жасалып, тәлімгерлік немесе коучинг арқылы түсіндірілді.

Кітапханада шығармашылық көрмелер ұйымдастырылды:





Мектеп кітапханасында «Адал жол-Честный путь» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарын іске асыру аясында «Сыбайлас жемқорлық ғасыр дерті» тақырыбында 10в сыныбымен дөңгелек үстел өткізілді. Қатынасұшылар дөңгелек үстел аясында сыбайлас жемқорлықпен күрес кезінде ең алдымен әр азамат өзінен бастап, сондай-ақ, айналадағылардан сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік танытуды талап ету қажеттігіне тоқталып ашық ой пікірлерін білдірді.



9^а сыныбымен «Сыбайлас жемқорлық ғасыр дерті» тақырыбында пікірталас өтті.



Ортаңғы буын сынып оқушыларының интеллектісінің шкаласын диагностикалау мақсатында Айзенктің сандық тесті алынды.

Әдістеменің мақсаты – оқушылардың ақыл-ой деңгейін анықтау болып табылады. Қатысқан сынып 8б сыныбы. Бұл әдіс 6 тесттен құралған.

Қ\с	Аты-жөні	Жинаған балы						Жалпы
		1суб	2суб	3суб	4суб	5суб	6суб	
1	Әзімхан Мереке	13	14	10	15	12	19	83
2	Лесбаев Шыңғыс	13	16	11	9	8	10	67
3	Абдрасил Нұрдаулет	10	14	8	7	9	10	58
4	Сулайманов Нуринбек	12	12	6	8	12	16	66
5	Арапов Алмас	7	8	9	12	16	18	70
6	Қалжигитов Қайрат	12	13	10	11	12	14	72
7	Алкулова Жұлдыз	16	12	13	10	16	18	85
8	Досова Аружан	13	14	13	9	18	19	86
9	Мәдәлі Нұрайлым	15	14	10	11	12	18	80
10	Сапарали Нұрсұлтан	11	13	5	6	9	12	56
11	Әбдірәлі Аслан	13	10	6	9	13	13	64
12	Алшынбек Ерасыл	13	9	6	9	10	14	61
13	Орынбасар Санжар	15	10	9	12	10	19	75
14	Абдукадыр Мөлдір	13	16	6	8	9	10	62
15	Рысқұл Ерасыл	12	17	6	11	9	9	64
16	Нұржігіт Мәди	16	18	13	10	8	13	78
17	Жорабек Азад	9	15	11	15	17	19	86
18	Сахан Асылбек	16	11	9	10	13	18	77
19	Тағайбек Нұрбақыт	12	10	8	13	10	13	66
20	Тасқұл Жәудір	15	10	9	11	15	14	74
21	Мұзаппар Бакдәулет	12	9	9	12	10	12	64
22	Сламхан Ақбота	13	11	10	9	12	15	70
23	Жолдыбаева Жанел	18	13	9	15	11	16	85
24	Бурилбай Ерасыл	16	11	9	13	18	18	82
25	Асқар Шұғыла	17	12	14	12	11	11	77
26	Мырзақұл Жаңыл	9	10	14	11	9	10	63
27	Шегірбай Асылзат	18	19	18	14	15	14	98

80-90 балл – жоғары деңгейлі - 25

60-79 балл – орта деңгейлі – 66,7

50-59 балл – төмен деңгейлі - 8,3

Қатысқан сынып: 8а сыныбы. Барлығы 24 оқушы.


Қ\с	Аты-жөні	Жинаған балы						Жалпы
		1суб	2суб	3суб	4суб	5суб	6суб	
1	Әбдіхалық Әлия	10	11	9	15	12	14	71
2	Абдурахманов Мұрат	12	12	11	11	9	10	65
3	Абдыхадыр Балжан	10	16	8	8	12	10	64
4	Алеуетдинов Алтынбек	12	12	6	8	12	16	66
5	Амангелді Еркебұлан	10	13	15	15	16	18	87
6	Арипбай Нұрай	12	13	10	11	12	14	72
7	Асильбек Әділет	16	12	13	10	16	18	85
8	Әбдуәлі Алиасқар	13	14	13	9	18	19	86
9	Әбубәкір Зарина	15	14	10	11	12	18	80
10	Арипбай Назерке	11	13	5	6	9	12	56
11	Бошаева Жания	13	10	6	9	13	13	64
12	Дарханбай Дамир	13	9	6	9	10	14	61
13	Сламхан Әділет	15	10	9	12	10	14	70
14	Қуаныш Нұргелді	13	16	6	8	9	10	62

15	Құттыбек Шұғыла	12	17	6	11	9	9	64
16	Мелдехан Аяулым	16	18	13	10	8	14	79
17	Мергенбай Бақытжан	9	15	11	15	17	19	86
18	Мұстапаев Нұртас	16	11	9	10	13	18	77
19	Оразбай Жасарал	12	10	8	15	10	12	67
20	Рахманберді Нұрлыбек	15	10	9	11	15	15	75
21	Сабит Жеңіс	12	9	9	12	10	12	64
22	Сапарбек Адина	13	11	10	7	12	13	66
23	Сапархан Али	18	13	9	15	11	11	77
24	Сейлбек Әділбек	9	8	9	11	12	11	60
25	Суннатова Құралай	16	18	13	10	8	14	79
26	Турсумурат Венера	9	15	11	15	17	19	86
27	Хасен Исмайыл	16	11	9	10	13	18	77

80-90 балл – жоғары деңгейлі – 19,3%

60-79 балл – орта деңгейлі – 71,6%

50-59 балл – төмен деңгейлі - 9,1%



№	Ф.И.О.	Набранный балл						Всего
		1суб	2суб	3суб	4суб	5суб	6суб	
1	Нұртас Назгуль	8	10	9	12	11	14	64
2	Мергенбай Назым	9	10	9	11	15	15	69
3	Махамбеталин Мейіржан	10	9	9	12	10	12	62
4	Алдияр Бекзат	11	11	10	7	12	13	64
5	Дүйсенбай Ердаулет	11	13	9	15	11	11	70
6	Сапарбек Айбек	12	8	9	11	12	11	63
7	Нигай Нурсултан	10	12	13	10	16	14	75
8	Абдибай Диана	11	14	13	9	18	11	76
9	Демеуов Жанболат	11	14	10	11	12	13	71
10	Шаденов Нурахмет	9	13	5	6	9	12	54
11	Зікірия Асем	8	10	6	9	13	13	59
12	Джумадилов Нурсултан	9	9	9	11	12	10	60
13	Амирбек А.	10	10	11	12	11	12	66

14	Заманбек Г.	8	10	6	9	13	13	59
15	Рысбаева Гаухар	9	9	9	11	12	10	60
16	Жұмахан Д.	11	14	10	11	12	13	71
17	Сабитов Ә.	11	14	13	9	18	11	76

80-90 балл – высокий уровень

60-79 балл – средний уровень – 84,6%

50-59 балл – низкий уровень - 15,4%

Жүргізілген жұмыс нәтижесін өңдеп, әрбір сыныпта «Мен дарынды баламын» тақырыбында дамыту сабағы өткізілді. Сынып оқушыларының белсенділіктері жоғары, ым-ишарамен көрсету керек тапсырмалардың барлығын тиянақты, әрі жауапкершілікпен орындады. Ә.Ғ, О.Б. сынды оқушыларды жеке кеңеске шақыру қажет.

Әр сыныптың тәрбиешілерімен біргелікте «Өзіңді таны», «Құрметтім, саған не тілейін!» атты дөңгелек үстелі 7-10 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Онда өзін, өзгені құрметтеу керектігі, сыныптастары арасындағы қарым-қатынасты нығайту мәселелері талқыланды.

В русских классах было проведен развлекательные игры и тренинги. По запросу воспитателей с 003 кодом было проведен личный консультация, и по окончании урока было разданы мандалы. Среднее звено русских класса очень активные, и некоторых классных коллективах есть агрессивные ученики.

Аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері 11-сыныптың оқушыларымен дамыту сабағы ұйымдастырылды. Ондағы мақсат – оқушыға психологиялық қолдау көрсету болып табылады. II топқа бөлінген сынып оқушыларымен психологиялық жаттығулардан бөлек жауап парағының дұрыс боялу жолдары мен мини-лекциялар оқылады. Әр топтың оқушылары сабақта ойларын еркін айтып, бір-бірімен пікір алмасады.

Кеңес беру бағыты бойынша 11 О, 2 Т, 1 М кеңес берілді. Ал, сұраныс бойынша тәрбиешілерден 3, ұстаздардан 1 сұраныс келіп түсті. Сұраныспен түскен оқушылармен жеке жұмыс атқарылып, бағыт-бағдар көрсетілді. Жоспарға сай сынып сағаттарында «Ұлы Жібек жолы» туралы әңгімелеу арқылы оқушыларға тарихи-мәдени мағлұматтар берілді.



8 қараша күні аудандық ақпараттық- насихат тобының мүшелері Д.Оразбайдың, М.Исақовтың, Ішкі саясат бөлімінің маманы А.Өтегеннің, ауыл имамы А.Нұралының қатысуымен «Дни экстремизм және терроризм елге төнген қауіп» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді.



Оқушылардың әсемдікті қабылдау қабілеттерін қалыптастыру, өнерге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында 15.11.18ж күні 7-11 сыныптар арасында «Болмасаң да ұқсап бақ» тақырыбында әндер байқауы өткізілді.

9.11.18ж күні оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру, өзіндік саналарының дамуына жағдай жасау мақсатында «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, үш-ақ нәрсе адамның қасиеті» тақырыбында 9 сынып оқушыларымен әдеби кеш өткізілді.

14.11.18ж күні 11 сынып оқушыларының оқулықтары мен күнделіктерінің ұсталуына рейд ұйымдастырылып нәтижесінде олардың қалыпты жағдайда екені анықталды.

Оқушыларға жақын адамдарына пайда келтіру мен отбасында өмір сүру қажеттіліктерін түсіндіру үшін 9-сыныптармен және олардың ата-аналарымен бірлесе «Әке-парызы, ана қарызы», «Тәрбие мен білім – ажырамас ұғым» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдау, табиғатқа деген ізгілікті қарым-қатынасты үйрету мақсатында «Жасыл ел» санитарлық тазалық айлығы ұйымдастырылды. Оның аясында оқушылар күзгі және қысқы уақытта өсетін гүлдерді отырғызып, гербарийлер жасады. Сондай-ақ «Табиғатымызды аялайық», «Туған өлкеміздің дәрілік өсімдіктері мен экологиясы» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтті.

25.11.18ж күні ұл балалардың бойында ақылдылық,ерлік, өрлік,өнер сүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында «Жігітке жеті өнерде аз» тақырыбында ұлдар сайысы өткізілді.

« Жол ережесін сақтайық!» тақырыбында 7-11 сыныптарда ситуациялық жағдайлардан шығу ойындары, әңгімелер жүргізді.

Салауатты өмір салты дағдылары мен дене тәрбиесі мәдениетінің жоғары деңгейін қалыптастыру үшін «Салауатты өмір салтын сақтау – болашақты жақтау» тақырыбында медицина қызметкерлерінің қатысуымен 7-8сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды , сондай ақ осы мақсатта мектеп дәрігері мен медбикесі «Дені саудың-тәні сау» атты тақырыпта 10-11 сынып оқушыларына лекция оқылды, барлық оқушылардың жеке бас тазалықтарын бақылау рейді жүргізілді.

«Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2017-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын және «Қоғамдық денсаулықты сақтау қызметін құру және секторлық өзара іс-қимылды дамытудың» 2017-2019 жылдарға арналған «Жол картасын» іске асыру аясында жасөспірімдердің денсаулығын сақтау, зиянды әдеттерден сақтандыру мақсатында 2018 жылғы 18-20 қараша күндері 8-9 сынып мектеп оқушыларынан «Ішімдіктің зияны» тақырыбында диктанттар алынды. Диктантқа жалпы мектеп бойынша 130 оқушы оның ішінде 8 «А»сыныбынан 28 оқушы , 8 «Б»сыныбынан 28 оқушы, 8 «В»сыныбынан 15 оқушы, 9 «А» сыныбынан 26 оқушы , 9 «Б»сыныбынан 23 оқушы, 9«В»сыныбынан 10 оқушы қатысып ішімдіктің зияны туралы толық мағлұматтар алды.

Оқушылардың танымдық қызығушылық пен сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, 10 қараша «Халықаралық жастар күнін» атап өту мақсатында “Біз Қазақстан болашағымыз” тақырыбында КТК ойындары ұйымдастырылып, нәтижесінде «Қаппаров қыздары» командасы 2 орын, «Келте жең» командасы 1 орын, «Дарынды Қаппаров жастары» командасы 3 орын иеленді.

21.11.18ж күні аудандық КТІЖБ инспекторы полиция қызметкері Т.Нурбековтің, полиция капитаны Е.Бақкелдиевтің, полиция лейтенанты Н.Байдүйсеновтің қатысуымен 9-10 сынып оқушыларымен «Кәмілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Оқушыларға Қазақстанның ұлттық валютасы теңге туралы, оның шығу тарихы, негізгі қасиеттері туралы білімдерін кеңейту, патриоттық сезімдерін дамыту , жаңа ғасырда жаңа реңк алған төл теңгеміздің тарихына үңілу, теңгенің тарихы мен бүгінін таразылау мақсатында «Теңгені жасау, шығу тарихы» тақырыптарында интерактивтік лекциялар өткізілді.

Лекция оқыған ұстаздар физика пәні мұғалімі Ғ.Орынбаева, тарих пәні мұғалімі Қ.Ербосын, тәрбиеші Н.Нүрсейітов, тарих пәні мұғалімі И.Бегайдарова, физика пәні мұғалімі Ғ.Оралбеков тек теңгені жасау тарихына ғана тоқталмай, теңгенің шығуы еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолындағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу үшін қажетті тарихи қадам болғандығын, төл теңгеміз пайда болғалы жүргізіліп келе жатқан, мемлекеттің тізбекті қаржылық саясатының арқасында елімізде нарықтық институттар макроэкономикалық тұрғыдан тұрақталып, біртіндеп қалыптаса бастағандығын шеберлікпен жеткізе алды.



Есірткі заттардың зиянын түсіндіру, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Нашақорға алыс мұң, алыс қайғы, өзі бірақ өмірден алыстайды» атты бейнефильмдер көрсетіліп, «АҚТҚ/ЖҚТБ жұқтырғандар бізбен бірге болса...» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында бейнефильмдер көрсетіліп талқыланды.

Мектеп кітапханасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы жұмыстарға байланысты бұрыштамалар жасалынды.



Сыныптарда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.





Мектептің оқу-тәрбие жоспарында көзделгендей 2018 жылғы қараша айында «Ұлағат», «Зерде», «Шапағат» шығармашылық топтарымен жұмыс жасалды. Шығармашылық топ жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсетілді, шығармашылық топтар мүшелерінің жаңа технология бойынша жұмыс жасауы қадағаланды.

20 – 30 қараша аралығында мектебімізде жоспар бойынша құқық онкүндігі өтілді. Онкүндік аясында 22 қараша күні «Өз құқығың туралы не білесің?» атты тақырыпта жасөспірімдер ісі бойынша инспектормен 9-11 сынып оқушыларының кездесуі болып өтті.



Желтоқсан айында ҰБТ байқау тесттерінде төмен нәтиже көрсеткен оқушыларға пән мұғалімдерінің жеке қосымша сабақтары қойылды.

Оқушыларды электронды және қағаз форматындағы жаңа тест материалдарымен қамтуға көп мән беріліп, базалық тест мектептің баспа құралдары арқылы кітапша түрінде шығарылып, оқушыларға берілді, сондай ақ оқушылар жекелеген пәндер бойынша базалық тест материалдарымен қамтылды.

Мектептегі интерактивті тақтасы бар оқу кабинеттеріне электронды форматтағы тест материалдары орнатылып, 11 сыныптардың сабақтарының мүмкіндігінше сол кабинеттерде өтуі қарастырылды.

Әр апта сайын ҰТО дайындаған тест кітапшалары бойынша алынған байқау тестінің нәтижесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға және пән мұғалімдеріне қозғау салып отыруға айрықша назар аударылды. Байқау тесттерінен соң жеке қатемен жұмысқа көп мән берілді.

Шығармашылық топ отырысында, Методикалық бірлестік отырысында ҰБТ-ға, ОЖСБ-ға дайындауда мол тәжірибесі бар білікті пән мұғалімдерінің шығармашылық есептері ұйымдастырылды.

11-сыныптардағы таңдау пәндері бойынша байқау тест нәтижелері өз деңгейінде болмай, төмен көрсеткіштермен сипатталды.

ОЖСБ-ға қосымша дайындық сабақтары оқу бағдарламасындағы барлық негізгі пәндер бойынша қойылып, жүйелі түрде жалпы және индивидуалды дайындық жұмыстары жүргізілді.

9А,Б,В сынып оқушыларынан 3 рет ОЖСБ байқау тесті алынып, нәтижесі бойынша жүйелі түрде қатемен жұмыс жүргізуге, ата-аналармен байланысқа терең мән берілді. 3 тесттің орташа балы орыс сыныбында-62,0, қазақ сыныптарында-64,8 болды.

9-сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен келісе отырып, ата-ана қаражаты есебінен оқушылар ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген тест кітапшаларымен қамтамасыз етілді.

Оқушылардың 1 жарты жылдық бойынша үлгерімі жайлы мәліметтер жинақталып, анализ жасалды және АББ мен ОББ-на қажетті есептер берілді. Барлық негізгі пәндер бойынша қорытынды бақылау жұмыстары алынып, ол мектеп бойынша төмендегідей нәтиже көрсетті:

№	Пәннің атауы	Сынып	Орта баға	Білім сапасы
1	Қазақ тілі	7-11	4,6	99,2
2	Ағылшын тілі	7-11	4,2	98,7
3	Алгебра	7-11	4,4	89,2
4	Физика	7-11	4,3	93
5	Информатика	7-11	4,6	100
6	Биология	7-11	4,3	95
7	Химия	8-11	4,2	90
8	Қазақстан тарихы	7-11	4,3	92
9	География	7-11	4,4	95,8

Жазба жұмыстарының нәтижесі айлық сыныма тест қорытындыларымен және оқушылардың тоқсандық қорытынды бағаларымен сәйкес келді.

21.12-22.12.2018ж күндер аралығында барлық сыныптардан айлық сынама тест алынып, мониторинг жасалды, нәтижесі сынып жиналыстарында, ата-аналар жиналыстарында талқыланып, жеке жұмысқа, қатемен жұмысқа көп мән берілді.

Оқу тәрбие жоспарында жоспарланғандай мектебіміздегі математика және информатика пәндерінің оқытылуы 2018 жылдың желтоқсан айының екінші аптасында жан-жақты тексеруден өткізілді.Тексеру барысында мына төмендегі жайттар қаралып өтілді.

1. Мұғалімдердің сабақ өту шеберлігі
2. Дирекция тарпынан алынған тест нәтижесі
3. Іс-құжаттарының жүргізілуі
4. Негізгі, бағыттау және шығармашылық, зерттеушілік әрекет негіздері пәндерінің жоспарлануы
5. Оқушыларды пән олимпиадаларына дайындауы
6. ОЖСБ және ҰБТ іс-құжаттары мен оның жүргізілуі
7. Сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілуі (ақысыз үйірмелер т.б)
8. Пән әдіс бірлестігінде математика және информатика пәндерінің каралуы

Тексеру барысында дирекция тарапынан барлық 7-10 сыныптардан 15-сұрақтық тест, ал 11-сыныптардан ҰБТ-ға дайындық ретінде 25- сұрақтық тест алынып нәтижесі мұғалімдер және оқушылармен талқыланды.

Пән	7 ^а	7 ^б	7 ^в	8 ^а	8 ^б	8 ^в	9 ^а	9 ^б	9 ^в	10 ^а	10 ^б	10 ^в	11 ^а	11 ^б	11 ^в
Матем	10,9	12,3	9,1	10,9	12,2	9,9	12,4	11,9	10,9	11,4	10,2	10,1	20, 8	14,2	13,9


Оқушылар қаңтар айының 9-шы жұлдызында интернат ғимаратына ішек құртқа анықтама алып келетіндігі ата-анаға ескертіліп, сонымен қоса тамақ құнын қаңтар айына төлеу қажеттілігі айтылды. Интернат тәрбиешілері оқушылардың қысқы демалыста үйлеріне қайтуын сынып жетекшілерімен бірге қадағалады.

Ортаңғы және жоғарғы буын сынып оқушыларымен диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Орындалған әдістемелер:

1. Айырмашылығын тап;
2. Қызыл-қара кестесі;
3. Интеллектуалды лабильділік тесті;
4. Сөздерді жатта;
5. Әңгіме құрайық;

6. Сөйлемді жалғастыр;
7. Суретте қандай заттар жасырылған;

Ортаңғы буын сынып оқушыларының интеллектуалды лабильділік қабілеттерін анықтау мақсатында тест жүргізілді. Нәтижесі өңделіп, диаграммасы түзілді. Тестті алу барысында әрбір оқушылардың зейін тұрақтылығы, ой жылдамдығы, ақпараттылығына үлкен мән берілді.



Қорытынды: сыныптың таным процестері орта деңгейді көрсетті. Одан әрі дамыту мақсатында сауықтандыру, ынталандыру материалдарымен сабақ ұйымдастыру қажет.

Ортаңғы буын сынып оқушыларына арналған «Ертегілер еліне саяхат» атты әдістемесі ұйымдастырылып, онда оқушылар өз отбасыларының портретін бейнеледі. Бейнелеу барысында оқушының қандай түстерді қолданғанына мән беріліп, интерпритациясы жасалды. Әдістемеге 49 оқушы қатысты. Бұл оқушылардың қалыптасуындағы деңгейдің қалыпты деңгейде екенін байқатады. 7-8 сынып оқушыларынан жоспарға сай сауалнамалар жиынтығы бойынша жұмыс жүргізіліп, анықтамасы түзілді. Мақсаты – оқушы бойындағы зейін тұрақтылығы мен есте сақтау қабілеттерін анықтау.


7-8^{А,Б,В}сынып оқушыларынан 121 оқушы қатысты. «Айырмашылықты тап», «Сөйлемді жалғастыр» атты әдістемесінің қорытындысы:

№	Қатысқан оқушылар саны	30-34 сөз/ Ж	20-29 сөз/ О	10-19 сөз/ Т
7a	24	39,9%	42,3%	16,8%
7б	24	28,9%	45,1%	26%
7в	21	36,2%	40,2%	23,6%
8a	20	54,3%	36,1%	9,6%
8б	24	52,3%	36,3%	13,4%
8в	21	31,3%	21,6%	47,1%

9^{А,Б,В}сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында Басса-Даркидің әдістемесі алынып, қажетіне қарай түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Мақсаты – мазасыздану, қобалжу деңгейін анықтау болып табылады. Әдістеменің нәтижесі бойынша қобалжу деңгейі жоғары деген оқушыларға психологиялық көмек көрсетілді.

Қатысқан оқушылар саны: 54 оқушы

9^{А,Б,В} сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында арнайы сауалнама жүргізілді. Нәтижесі өңделіп, қажетіне қарай түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Әдістеменің нәтижесі бойынша қобалжу деңгейі жоғары деген оқушыларға психологиялық көмек көрсетілді.



Сауалнаманы негізге ала отырып 9-сынып оқушыларымен «Өзгеден табылмайтын қасиетім» атты дамыту сабағы ұйымдастырылды. Мұнда әрбір оқушыға қорапшадағы адам бейнесі көрсетілген суреттер таратылып, сол бойынша әр оқушы өз ойын ортаға салады. Орындалған жаттығулар:

- Сәлемдесу;
- Дәліз 20 минут;
- Бұдан да жылдамырақ болады ма?
- Сиқырлы әріптер;
- Рефлексия.

ҰБТ-ке оқушылардың дайындығын ретке келтіру мақсатында жекеленген кеңес жұмысы жүргізіліп, мамандыққа икемділік туралы мағлұматтар берілді. Аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері 11-сынып оқушыларына дамыту сабаттары өткізіледі. Мәселен, «Мен өз өміріме қожайынмын», «Алынбайтын асу жоқ», «Қарауыл» атты сабақтары. Мақсаты – оқушыларға психологиялық қолдау көрсету болып табылады.

Ортаңғы сынып оқушыларының қарым-қатынастарын ретке келтіру мақсатында «Тазару», «Кеден», «Бір уыс кедергі», «Құрметтім саған не тілейін!» атты тренингі жүргізілді. Сауықтыру материалдары арқылы бірнеше тапсырмалар беріліп, ауызша, жазбаша жұмыс атқарылды. Біршама оқушылардың бойында қобалжу шкаласы орта деңгейді көрсетті.

8-9 сыныптың қыз балаларының қатысуымен «Қыз өссе, елдің көркі» атты дөңгелек үстелі ұйымдастырылды. Мұнда қыз балаға қажетті мәліметтер, жеке бас гигиенасы, сөйлеу мәдениеті, өзара қарым-қатынасы, болашақтағы мамандығы туралы кеңестер берілді. Оқушылардың тәрбиешілерге қойған сұрақтары:

1. «Анасын көріп, қызын ал» деген мақалмен келісуге болады ма?
2. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» мақалының мағынасын түсіндіріңіз?
3. Неліктен әйел баласы еркектен бір саты төменде болады?

4. Отбасында алған тәрбиені неліктен балалар өзгертеді?

Дөңгелек үстел тірек сөздермен қорытындыланып, хаттамасы түзілді. Қыз балалар өздеріне керекті материалды ала отырып, бір-біріне тиімді сұрақтар қойып, оған жауап ала алды.

Тәрбиешілер мен ұстаздар тарапынан 2 сұраныс келіп түсті. Ол оқушылармен жеке әңгіме ұйымдастырылып, түзету жұмыстары жүргізілді. Кеңес беру бағытында 3 М, 3 Т, О 11, 1 А кеңес берілді.

Оқу сауықтыру орталықтарына баратын оқушылардың жеке қабілеттері зерделеніп, мінездеме жазылды.

Жатақханада желтоқсан айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып, қаралды. Интернат ғимаратында әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді. Тәрбиешілермен қоса, түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді. Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында дәрігер, медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады. Мектеп психологымен бірлесе сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темпераменттік типтерін анықтап, психологиялық карталарын түзді.

ДТІЖО-ның түзген кезекшілік кестесіндегі кезекші мұғалімдердің өз уақтысында, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға ескертілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалап отырды.

«Нашақорлықпен күрес» онкүндігі ұйымдастырылды. Осы бағытта жатақханада жататын оқушылар арасында ашық тәрбие сағаттары, КТК ойыны, пікірсайыстар, сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Желтоқсан айының 30-шы жұлдызынан бастап оқушылардың қысқы демалысқа шығуына байланысты оларға жол қауіпсіздігі және өз бетінше қыдыруға болмайтындығы қатаң ескертіліп, өмір қауіпсіздігі ата-аналарына және туыстарына жүктелді. Оқушылардың білім деңгейлерін айтып, үздік болған оқушылар мадақталып, өзге оқушылардың олардан үлгі алу қажеттілігі айтылды. Қысқы демалыс уақыты 30 желтоқсан мен 9 қаңтар аралығы екендігі ескертілді. Күнделікті оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалынды.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқарды.

1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай кітапханада көрме ұйымдастырылды. Онда Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтің өмір жолы ,туып- өскен, оқып білім алған,қызмет еткен жерлері туралы мағлұматтар қойылды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылғанына 25 жыл толу құрметіне орай кітапханада кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сондай ақ мектеп кітапханасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 26 жылдығына орай жоспар бойынша «Тәуелсіздік тұғыры биікте» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Мектеп-интернатта дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай түрлі тәрбиелік іс-шаралар жоспарлы түрде өткізілді. Соның бірі «Есірткі-денсаулық дұшпаны» атты тақырыптағы дөңгелек үстел.

Мұндағы мақсат-оқушылардың зиянды заттар туралы білімдерін тереңдету,салауатты өмір салтын насихаттау және имандылыққа тәрбиелеу,өзара ой бөлісу, ойлау, қорытындылау, өз ойын жеткізе білу қасиеттерін дамыту.Өз деңсаулығының бағалы байлық екендігіне көз жеткізу.

04.12.18ж. күні 9-сынып оқушыларымен « Өзіңді өзің тани біл» тақырыбында тренинг сабақ өтілді. Тренингтің мақсаты: әр оқушыны өзінің ішкі жан дүниесіне үңілуге, өзін-өзі тануға, өзінің адамгершілік-рухани әлеуетін көтеруге, өзіндік « Менің» қалыптастыруға жетелеу және оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнату,адамгершілік құндылықтарын үйренуіне ықпал ету, сенімін нығайтуға жол ашу. Өзін-өзі түсінуге, өзін –өзі бағалай білуге және өзін-өзі жаман әрекеттен жақсы әрекетті ажырата білуге тәрбиелеу.

10-11 сыныптармен « Стреспен күресу жолдары» тақырыбында тренинг сабақ өтілді.Тренингтің мақсаты: жаттығулар жасау арқылы оқушылардың көңіл күйлерін көтеру, стресті жену жолдарын үйрету. Тренинг барысында оқушылардан «Сіз стресті бағындыра аласыз ба?» атты тест алынып, нәтижесі шығарылды, оқушылар тренингтен үлкен әсер алды. Төменде осы тренингтен фотокөріністер беріліп отыр:





12.12.2018ж. күні 9-10 сыныптармен «Өмір сүюді үйренейік» атты тренинг-сабақ өткізілді. Мақсаты- өмірде оқушыларды суицидтік іс-әрекетке итермелейтін жағдайлардың алдын алу. Оқушылардың өзара қарым-қатынасын анықтау. Сабақ 5 бөлімнен құралды:

1. Сәлемдесу
2. Танысу
3. Жағдаятты талдау
4. Сілкіну жаттығулары
5. Релаксациялық жаттығу

«Суициденттің 40% тек ананың тәрбиесін көргендер. Көбінде ата- анасы ажырасқандар немесе ата-анасы ұрысып керісетіндер. 25%-ын жанұялық сәтті отбасыдан шыққандар құрайды. Елімізде кәмелетке толмағандар арасында суицидтің 750-ден астам фактісі және 1146-дан астам әрекеттенуі болған. Өз-өзін жазым еткен және оған әрекеттенген жасөспірімдердің орташа жасы 14-тен 17-ге дейінгі аралықты құрайды», - деп мәлімдеді әлеуметтік педагог Р.Таласова.

13.12.2018ж күні 8-9 сынып оқушыларымен «Ата-ананың парызын өтеу сенің қолыңда» атты дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушылардың отбасы, сүйіспеншілік, сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Төменде осы дөңгелек үстелден фотокөріністер беріліп отыр:





7 сынып оқушыларымен 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне арнап «Менің тұңғыш Президентім» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты-оқушыларға Президентіміз Н.Ә. Назарбаев туралы мәлімет беру, оның сан қырлы талант иесі, дарынды тұлға екенін таныту, елімізге еңсе тіктетіп, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, алаш баласының абыройын ақсақтатқан Елбасының кісілік келбетін меңгерту, Отанын сүйуге, елжандылыққа, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу.

8-10 сыныптар арасында «Әлем таныған Елбасы» атты тақырыпта ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл тәрбие сағаттарында еліміздің тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев туралы кең түсінік беріле отырып, Президенттің балалық шағы кеңінен әңгімеленіп, әр жылдардағы өмір жолдары, қызметі баяндалды. Оқушыларға қазақ халқының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұматтар берілді. Шәкірттер жүрегінде Елбасына деген сүйіспеншілік сезімдері оянды.

6-шы желтоқсан күні 9 сынып оқушыларымен «Елбасы ел тірегі, абыройы, айбаты» атты тәрбие сағаты өткізілді. Ондағы мақсат республика Президентін еліне тірек болған азамат ретінде таныту, Елбасынан үлгі алып, елін мақтан етуге тәрбиелеу. Тәрбие сағатының нәтижесінде оқушылар болашақта тәуелсіз елінің өркендеуіне өздерінің де қосатын үлесі мол екенін білдіріп, ол үшін білімді, өз отанын сүйетін ұлт жанды азамат болу керектігін ұғынды.

Мектебіміздің спорт залында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 27 жылдығын мерекелеу аясында «Ел үшін менің еңбегім» тақырыбында «Шаңырақтар» арасында «флешмоб» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға алты шаңырақ балалары үлкен дайындықпен келген. Әр шаңырақ өздеріне үйлесімді киім үлгілерін киіп, патриоттық сөздермен көрнекіліктер жасаған. Әр шаңырақ қатысушылары би қимылдарын шебер үйлестіре отырып, көрермендерге патриоттық сезім сыйлай алды. Нәтижесінде 10в, 8в

сыныптары бірлескен шаңырақ «Барс» 1 орын, 10а, 8а сыныптары бірлескен шаңырақ «Жалын» 2-орын, 9 б, 7а сыныптары бірлескен шаңырақ «Жалынды жастар» 3 орындарға ие болды. Байқау соңында бүкіл шаңырақтар ұстаздармен бірлесе отырып «Жаса Қазақстан!» әніне флешмоб билеп байқаудан көңілді тарқасты.



Желтоқсан айының 4-күні «Тәуелсіз елдің жастары» атты тәрбие сағаты өтілді. Бұл тәрбие сағатын өтудегі мақсат- оқушыларға 1986 жылғы көтеріліс, жастардың көтеріліске шығу себептері, олардың алға қойған мақсаттары жайлы түсінік беру. Тәуелсіздіктің оңай келмегендігін оқушылар бойына сіңіре отырып, оны қадірлеуге, ұлы тұлғаларды ұмытпауға үйрету.

Оқушылардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыру мақсатында- «Менің –Тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбында сурет сайысы өтті. Сайыс мектептегі еңбек пәні кабинетінде ұйымдастырылды.



«Тәуелсіздік-елімнің ерлік жолы» тақырыбында мәнерлеп оқудан 7-11 сынып оқушылары арасында байқау өткізілді. Байқауда оқушылар қазақтың көрнекі ақын, жазушыларының шығармаларын көрермендерге жеткізе білді. Жеңімпаз оқушылар марапатталды. 7-10 сыныптармен халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғастырып келе жатқан салт- дәстүрін

дәріптеу мақсатында 11-ші желтоқсан күні «Салт-дәстүр асыл қазына» атты тәрбие сағаты өткізілді.

14-ші желтоқсан күні 10- сыныптармен «XXI-ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойыны өтілді.

1 желтоқсан-Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күніне орай 2-желтоқсан күні «СПИД-тен сақтан!» атты баспасөз конференциясы өтілді.



Мұнда мектеп дәрігерлері оқушыларға дамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі СПИД дертінің алдын алу тәсілдері, оның жұғу жолдарынан сақтану амалдары, аурудың алғашқы және негізгі белгілері жайлы әңгімелеп берді.

11 сынып оқушыларымен «ЖҚТБ (СПИД) ауруынан қорғанудың жолы салауатты өмір салтын қолдау», «Біз өмірді таңдаймыз!», «Арақ- ішкен азар, темекі шеккен тозар» атты тәрбие сағаттары өтілді. Тәрбие сағаттардың мақсаты жас ұрпақтың салауатты өмір салтына деген ой өрісін дамыту болды. Бұл тәрбие сағаттардан оқушылар зиянды заттардың адам денсаулығына кері әсері барын ұғынды.

Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, ел жандылыққа тәрбиелеп, наркотик пен темекінің зиянын ұғындыру мақсатында «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.




10 сыныптарға салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Сақтан ұрпақ –зиянды әдеттерден» атты тәрбие сағаты өтілді. “Біз- есірткіге қарсымыз” атты тақырыпта 9 сынып оқушыларын салауатты өмір сүре білуге тәрбиелеу, оларға шылым шегудің, ішімдіктің, нашақорлықтың, СПИД-тің адам

ағзасына зиянды әсерлерін ашып көрсету мақсатында бейне фильмдер көрсетілді.



2-10 желтоқсан күндері аралығында «Халықаралық құқық күнін атап өту» мақсатында «Балалар құқығы туралы Декларацияны» тарих сабақтарында оқып үйрену жұмысы жүзеге асырылды. 10 желтоқсан -Адам құқығын қорғау күні 10,11 сынып оқушыларына “Өз заңым-өз арым” атты лекция ұйымдастырылды. «Егеменді ел тарихы» атты ғылыми-әдеби кеш ұйымдастырылды. Кеште оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру мақсаты қойылды.



9 сынып оқушыларын адалдыққа тәрбиелеу мақсатында «Көптің мүлкін көргенсіз алар» атты тәрбие сағаты өтілді.



8 сыныптармен «Айналамдағылар менің қандай қасиетімді бағалайды?» тақырыбында пікір талас өтті.

7сынып оқушыларына «Діни экстремистік және террористік ұйымдардың түпкі мақсаты» атты баяндама оқылып, онда теріс ағымдағы діни, террористік ұйымдар туралы ақпараттар берілді және жадынама стенді жасалды.



Оқушыларды адамдық асыл қасиеттерді қастерлеуге тәрбиелеу, қазақ жазушыларының көркем шығармаларымен таныстыру, көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында көркем әдебиеттерді насихаттау жұмыстары жүргізілді.

«Күнделіктің дәрежесі қандай?» атты рейд ұйымдастыру арқылы күнделіктердің ұсталу дәрежесі қанағаттандырырлық екені анықталды. Салт –дәстүрді отбасында сақтаудың маңыздылығын түсіндіру мақсатында 8-сыныптармен «Ата салтын сақтаймыз» , «Тәрбие көзі –отбасы», «Еңбекпен тапқан нан» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтілді.

«Жасыл ел» бағдарламасын жүзеге асыру аясында оқушылардың туған жерге деген мейірімі мен ықыласын арттыру мақсатында «Мен және экология» тақырыбында буклет, қабырға газеттері шығарылып, «Жер тағдыры ел тағдыры» тақырыбында тәрбие сағаты болды. .

“Тәрбиесіз алған білім, апат әкеледі” атты жалпы атаумен сынып жетекшілерінің ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Ата-аналарды мектеп өміріне араластыру мақсатында ашық үлгілі сабақтарға ата-аналар қамту, жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілер сыныптарда

бала және ата-ана қатынасы туралы әңгіме, сауалнамалар жүргізу арқылы ата-аналардың балаларымен қарым- қатынастарын анықтады.

Желтоқсанның он екісі күні 9сынып оқушыларына «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында видеоролик көрсетілді. Бұл видеороликті көру барысында оқушылар “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсініп, пайда болу жағдайлары жайлы түсініктері қалыптасты. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейтті. Өз ойларын еркін жеткізе білді. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиеленді. Патриоттық тәрбие қалыптасты.

10А сыныбымен 20-шы желтоқсан күні «Елім дейтін ер болмаса, ерім дейтін ел қайдан болсын» тақырыбында ғалым Жамбыл Қаппаровқа өмірі мен қызметіне арналған ашық тәрбие сағаты өтілді.



8-ші желтоқсан күні 9сынып оқушыларына қазақ халқының емдік сусындары туралы мағлұмат беру, оларды туған жерге деген сүйіспеншілікке баулу мақсатында «Қазақ халқының емдік сусындары» атты тәрбие сағаты өтілді. Осы тәрбие сағатында оқушылар қазақ халқының ұлттық сусындары туралы кеңінен танып білді.

10 сынып оқушыларымен мектебіміздің АКТ залында 1986 жылғы желтоқсанда орталықтың әміршіл - әкімшіл солақай саясатына қарсы алғаш рет бас көтеріп демократия жолында құрбан болған ұл қыздарымыздың ерліктері жайында түсінік бере отырып, жастардың алаңға не себепті, қандай мақсатпен шыққандығын жете түсіндіру мақсатында желтоқсан айының 15-күні «Желтоқсан жаңғырығы-тәуелсіздік бастауы» атты мерекелік іс-шара өтілді.



Желтоқсан айының 18 күні 9-10 сынып оқушыларына «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында видеоролик көрсетілді. Бұл видеороликті көрсетудегі мақсат оқушыларға “Сыбайлас-жемқорлықтың” індет екендігін түсіндіріп, оның пайда болу жағдайлары жайлы түсініктерін қалыптастыру. Оқушылар видеороликке қатысты өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейтті. Талдау барысында өз ойларын еркін жеткізе алды. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарап және әділетті болатандықтарын баяндады.



27-28-ші желтоқсан күндері оқушылардың «Жасыл шырша» мерекелік кештері бекітілген кестеге сай өтілді.

Мерекелік іс-шараларда концерттік бағдарламалар қойылып, оқушылар онда карнавалдық киімдер киіп, тауық жылымен қоштасып, жаңа ит жылын қарсы алып, бір-біріне деген жылы лебіздерін білдірді.



«Дарабоз» оқу орталығы ұйымдастырған мұғалімдер мен оқушыларға арналған республикалық онлайн конкурсқа ұстаздарымыздың үздік ашық сабақтарының, сыныптан тыс іс-шараларының талдамалары жіберілді.

Қаңтар айының әр аптасында 9-сынып оқушыларынан ОЖСБ, 11-сынып оқушыларынан ҰБТ байқау тесттері алынып, нәтижесі бойынша оқушылармен, пән мұғалімдерімен және ата-аналармен қажетті жұмыстар жүргізілді. 11-сынып оқушылары байқау тесттерде төмендегідей нәтижелер көрсетті:

№	Байқау тестінен өткен оқушы саны	Жалпы балы	Пәндер бойынша орта балы			Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер	
			Математикалық сауаттылық	Оқу сауаттылығы	Қазақстан тарихы	1 бейінді пән	2 бейінді пән
1	61	111,7	16,3	17,3	17,7	30,3	30,1
2	60	114,3	16,4	17,8	17,4	31,8	30,9
3	59	114,9	16,8	17,7	17,4	32	31
		113,6	16,5	17,6	17,5	31,3	30,6

Мектепшілік басшылық пен бақылау кестесіне сай, мұғалімдердің жаңа технологияны қолдануы және білім сапасын арттыруы, Үйірме жұмыстарының жүргізілуі, Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытылуы мектеп әкімшілігі тарапынан тексерілді.Тексеру қорытындысы бойынша анықтамалар жазылып, Директор жанындағы кеңес қарауына ұсынылды.

Ай бойында 11-сыныптардың «Алтын белгі» белгісіне үміткер 22 оқушысының, Үздік аттестатқа үміткер 11 оқушысының ерекше үлгідегі білім туралы құжаттарды алуға қажетті іс-қағаздарын рәсімдеу жұмыстары жүргізілді.

22.01.2019ж күні «Ұлағат» шығармашылық тобынан Н.Нұрлыбекованың, Зерде» шығармашылық тобынан Л.Сарибаеваның, «Парасат» шығармашылық тобынан Н.Бейсенбайдың жаңартылған білім беру мазмұны жайлы шығармашылық есептері шығармашылық топтар отырыстарында тыңдалды және аталған мұғалімдер жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бір ашық сабақтарын практика жүзінде көрсетті. Шығармашылық топтар ұйғарымымен барлық шығармашылық есептер педагогикалық мерзімді баспасөзде жарық көруге ұсынылды.

«Жас ғалым» ғылыми қоғамы мүшелерінің ғылыми-шығармашылық жұмыстары жоспарға сай жүзеге асты.

Жатақханада қаңтар айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып, қаралды.

Интернат ғимаратында қаңтар айының 9-ші жұлдызынан бастап сәрсенбі және жұма күндері жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді.

Тәрбиешілер II жарты жылдыққа жасалынған тәрбие сағаттарының жоспарларын бекітті. Тәрбиешілермен қоса, түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді.

Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында дәрігер, медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады.

Жатақханаға кезекші мұғалімдердің өз уақтысында, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, тиісті тәртіп талаптарына сай болмаған оқушыларға қажетті ескертулер мен тиымдар жасалды.

Оқушылардың жатақханада сабаққа дайындығын әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалап отырды.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқарды.

Тәрбиешілер тарапынан оқушылардың қысқы демалыстан ішек құрт анықтамасымен келіп, тамақ құнының қаңтар айын төлеп кетуі қамтамасыз етілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалады. Үлгермеген пәндерден пән мұғалімдері қосымша сабақтар өтуде.

Гуманитарлық-қоғамдық циклындағы және жаратылыстану-математикалық циклындағы пәндер бойынша өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші кезеңіне мектептен 34 оқушы қатысты. Нәтижесінде 08 оқушы жүлделі орындарға ие болды.

Эстетикалық пәндер әдіс бірлестігінің онкүндігі өткізілді. Онкүндіктің іс-шара жоспарына сәйкес қабырға газеттерінің көрмесі, оқушылардың қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Әдіс бірлестіктің әрбір мүшесі ашық сабақ, сыныптан тыс іс-шара өткізді.

7-11 сынып оқушылары арасында оқушылардың жол ережесін сақтау дағдыларын қалыптастыру, жол белгілерін жадында ұстауға үйрету мақсатында «Абайлаңыз, көктайғақ!», «Біз жол ережесін сақтаймыз ба?», «Жол ережесін білесің бе?» байқауы, жолда жүру ережесін сақтауға байланысты іс-шара өткізілді. Нәтижесінде: Әріппай Н. 1 орын, Алеуетдинов А. 2 орын, Құттыбек Ш. 3 орын иеленді.

9 сынып оқушыларының адамгершілік құндылық туралы түсініктерін дамыту, еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Адамды адам еткен еңбек» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

Оқушыларға еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, өзге адамдардың еңбегін бағалауға үйрету мақсатында «Еңбек – әл-ауқаттың қайнар көзі» тақырыбында 10 сынып оқушыларымен пікір алмасып, әңгімелер жасалды.

Ұлттық салт-дәстүрлерді жалғастыруға қабілетті тұлғаны қалыптастыру, бір-біріне құрметпен қарау, сыйлауды үйрету мақсатында 8 сынып оқушыларымен «Үлкенге кішіпейілмен қарағаны, кішінің кісілікке жарағаны» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Әлеуметтік топтардың өзара мәдени қарым-қатынастарын қалыптастыру, сыйластық пен шыдамдылыққа негізделген түрлі ұлт өкілдерімен тату болуды, бірі-бірін құрметтеуді үйрету мақсатында «Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын!» тақырыбында 7 сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары қызықты ұйымдастырылды.

Оқушылардың қоршаған ортамен рухани құндылықтар негізінде қарым-қатынас орнату қабілеттерін орнату, бір-біріне шыншыл, адал болуды үйрету мақсатында «Адалдық туралы айтайық» тақырыбында пікір талас өтті.

11 сынып оқушыларының мамандықты дұрыс таңдауына бағыт беру, өздерінің қабілеттерін, қызығушылықтарын түсіндіру, бейінін нақтылай білуге дағдыландыру мақсатында «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында мамандармен кездесу ұйымдастырылды. Онда оқушылар өздері қалаған түрлі мамандықтар жайлы мағлұматтар алды.



Оқушылардың Семей, Арал теңізі аумағы туралы білімдерін кеңейту, Отанын сүйуге, байлығын қорғауға үйрету, табиғаттың тосын төтенше жағдайлары жайлы, ондай кездегі іс әрекеттер жайлы түсініктерін дамыту мақсатында «Мен және экология» тақырыбында экологиялық апатқа ұшыраған Семей, Арал теңізінің қазіргі экологиялық жағдайы туралы 7-10 сыныптар оқушыларымен әңгімелер өткізілді.

Арал теңізі аймағында қалып-тасқан экологиямен оқушыларды таныстыру мақсатында «Аралымның кешегісі мен бүгінгісі» тақырыбында 9-сыныптармен тәрбие сағаты өткізілді.

Оқушылардың білімдерін тереңдету, әр түрлі қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту, іскерлігі мен танымдық белсенділіктерін арттыру үшін 10 сынып оқушыларымен «XXI – ғасыр көшбасшысы», «Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалды ойындары ұйымдастырылып нәтижесінде I орынды Құрбанбек Е. , II орынды Нұралықызы А. , III орынды Ербаев А. иеленді.



«Абайла –тұмау!» тақырыбында санбюллетень шығарылып, барлық сынып оқушыларына тұмаудан сақтану жолдары ескертіліп аурудың алдын алу жұмыстары жүргізілді.

«Басты байлық денсаулық» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды . Нәтижесінде: I орынды Абдуалиева Ш ,II орынды Төребек Ж., III орынды Тұрсынмұрат В. иеленді.



Тәжірибелі тәрбиеші Абуов С.«Тәрбиеші – тәрбиеленушінің ақылшысы» тақырыбында өз тәжірибесінен баяндама оқып, тәжірибесінен мағлұматтар бере отырып, тәрбиешілермен әдіс алмасты.



Оқушыларды заңнан хабардар етіп, білім деңгейін көтеру, жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында КТІЖБ-ң қызметкерлерімен кездесу болды. Онда 9-10 сынып оқушылары өздеріне қажетті сұрақтарға толық жауап алды.

Оқушыларға құқығын, бостандығы мен міндетін, жауапкершілігін түсіндіру іс жүзінде, өз өмір тәжірибесінде білімін пайдалана алу дағдыларын қалыптастыру мақсатында ҚР-ның Қылмыстық Кодексінің жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі туралы баптары 9 сыныппен дөңгелек үстел түрінде талқыланды.

Кәмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз ету мақсатында «Адам және заң» тақырыбында сұрақ – жауап кеші қызықты өтті. Жастар заңның негізгі принциптерін біліп оны меңгерді.



Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы және ата-ана баланың бас ұстазы екенін оқушыларға түсіндіру, ата-ана мен бала арасында

байланысты күшейту, оқушыларды инабаттылыққа, тәртіптілікке шақыру мақсатында «Отбасы тәрбиенің басты ұясы», «Аяулы анашым менің» тақырыптарында сынып жиналыстары, әңгімелер өткізілді.

Мектеп пен ата-ана арасында ынтымақтастық қарым- қатынас орнату, мектеп өміріне ата-аналарды араластыру мақсатында мектепте «Ашық есік күні» ұйымдастырылды. Ата-аналар өз баласы оқитын сыныптағы сабақтарға еніп, мұғалімдермен сұхбаттасты.




Бала мен үлкендердің қарым-қатынасындағы жағымды көзқарастарды қалыптастыру, ата-анамен әңгімелесудің нақты негізін анықтау, ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу үшін 7 сынып оқушыларынан сауалнама алынды.



Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана екенін оқушыларға түсіндіру, оларды рухани жетілдіру мақсатында «Дін дегеніміз не?» тақырыбында 7-11 сыныптарға баяндама оқылды.



7 сынып оқушыларының сыныптағы қарым-қатынасын анықтау, сыныптың мәртебесін көтеру мақсатында «Менің сыныптағы орным» сауалнамасы алынып сынып оқушыларының қарым –қатынасы анықталды.



“Нашақорлықпен күресу” онкүндігі ұйымдастырылды. Барлық сыныптар ашық тәрбие сағаттарын өтті. Жас ұрпақтың ЖҚТБ туралы білімдерін тиянақтау, салауатты өмір салтын ұстанудың пайдасы туралы білім алуға жағдай туғызу арқылы оқушылардың ЖҚТБ туралы ойлары тиянақталды.



Онкүндік барысында салауатты өмірді таңдауға, лас істерден аулақ болуға жан сұлулығымен қатар тән сұлулығын сақтауға тәрбиеу, өз болашағына сеніммен қарай алуға үйрету мақсатында “Нашақорлықпен күресу” сурет көрмесі ұйымдастырылды.



«Жастар АҚТҚ-ға қарсы!» атты КТК ұйымдастырылды. Ондағы әзілдер арқылы оқушылар бір-біріне есірткі жайлы кеңінен мағлұмат бере отырып, бір-бірін Отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа, тазалыққа, денсаулыққа шақырды.

7-11 сынып оқушылары арасында темекі және улы заттардың зияндылығы жөнінде әңгімелер өткізіліп, темекінің зиянын және улы екенін түсіндіре отырып, саналылыққа, салауатты өмір салтына үндеу жұмысы жүргізілді.



Қаңтар айында облыс әкімі Ж.Түймебаевтың төрағалығымен өткен облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мақсатында өткен Кеңесте берілген тапсырмалар бойынша мектепте бірқатар жұмыстар атқарылды. Оқушыларға және еңбек ұжымына қазіргі заманғы тұрғын үйлерде өрттің шығуы негізінен: тұрғындардың отты пайдаланудағы абайсыздығы, жылыту қондырғылары мен аспаптарын, тұрмыстық химия бұйымдарын қолданудағы салақтылық, электр өткізгіштерді, газ қондырғыларын, тоқ көздерін қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау және балалардың отпен ойнауы салдарынан екендігі, тұрғын үйлер мен пәтерлерде тұрмыстық электр аспаптарын жаппай пайдалануы, пәтерлердің әртүрлі жанғыш заттар және материалдармен толтырылуы және пәтерлерді тұрмыстық химиямен безендірулері өрт қауіптілігін тудыратындығы, өрт болған кезде синтетикалық заттар мен улы газдардың бөлінуі салдарынан адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төну жағдайлары орын алып жатқандығы жан-жақты түсіндірілді. Осыған орай, мектеп- интернат

ғимараттарында Қазығұрт аудандық №28 өрт сөндіру бекетінің өрт сөндірушілер бөлімшесінің қызметкерлері мектеп дәрігерлерімен бірлесе отырып дәріс оқыды, интерактивті сабақтар ұйымдастырды. Аталған сабақ барысында Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері 9-10 сынып оқушыларына негізгі өрт қауіпсіздігі ережелері, қысқы мерзімдегі қауіпсіздік, төтенше жағдай кезіндегі олардың іс-қимылдары бойынша мәліметтер берді. Сондай-ақ, оқушыларды қызықтыратын сұрақтарға тиісінше жауаптар берілді. 7-8 сынып оқушыларымен осы тақырып бойынша әңгіме, тәрбие сағаттары өткізілді. 7 «А» сыныбымен «Сен және төтенше жағдай», 8 «Б» сыныбымен «Балалардың отпен ойнауы» 11 «В» сыныбымен «Чрезвычайные ситуации – что это?», 10 «В» сыныбымен «Правила поведения при чрезвычайных ситуациях» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

Ондағы басты мақсат өрт оқиғаларын тілге тиек ете отырып, осындай алапаттардың алдын алу үшін балалардың отпен ойнауына жол бермеу, «Өрт қауіпсіздігі ережесімен», талаптарымен таныстыру, уланған кездегі алғашқы көмек көрсету жолдарын үйрету болды.



Мектеп –интернат ғимаратында төтенше жағдай кезінде газбен уланудың алдын алу, өрт қауіпсіздігі болғанда адамдарды шығару сызбасымен таныстыру, бүкіл ұжым арасында «Баршаның назарына!» дабылы бойынша төтенше жағдай туындаған кездегі іс-әрекет әдістерін пысықтау, ережелерін сақтау жөнінде өзін-өзі ұстай білуді, құтқару жұмыстарын практикалық жаттығулар орындату арқылы ұйымдастырылды.



Мектеп –интернат ғимаратының жылытқыш пеш қазандықтарын, электр жылытқыш құралдарын пайдалануда қауіпсіздік техникасының ережелерін бұзуға жол бермеуге байланысты мектеп әкімшілігі тарапынан рейдтер ұйымдастырылып тексеруден өткізілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша 7-11 сынып оқушылары стендтер шығарды. Сыныптар арасында спорттық эстафеталық , сондай-ақ аймақтық шахмат, сурет жарыстары ұйымдастырылып , нәтижесінде I орын, II орын, III орын жеңімпаздары анықталды.



Аудандық әскери комиссариатқа баратын 10-11 сынып оқушыларына мінездеме жазу үшін арнайы тест пен оқушының агрессиясы мен акцентуациясын анықтауға арналған әдістеме алынып, жекеленген мінездемелер жазылды. Арнайы тест 90 сұрақтан құралған. Онда оқушының логикалық қабілеті мен жылдам әрекет жасап, ойын жинақтауға арналған сұрақтар берілген. Ер балалардың басым көпшілігі 70-80 баллдық жүйені көрсетті. «Ана және мен» атты қыздар конференциясы өтті. Конференция қорытындысында «Ең таза бөлме», «Ең тәртіпті оқушы» ауыспалы мадақтамасы №31, №28 бөлменің оқушы қыздарына берілді. Интернаттағы тәртіпті оқушы қыздарға марапат ұсынылды. 11-сынып оқушыларының мінез акцентуациясын анықтау мақсатында ЛЛ.Шмишек тесті алынып, нәтижесі өңделді. Жасына сай сыныптың басым көпшілігінде эмоционалдық көңіл-күй басым. Нәтиже:

Қатысушылар: 11^Б сынып. Қатысқаны: 20 оқушы


Тесттің мақсаты: Оқушылардың мінез акцентуациясын анықтау.

Күтілетін нәтиже: бала бойындағы эмоционалды мінез-құлықтары анықталады.

№	Оқушының аты-жөні	Әсірешіл тип	Еліккіш	Сезімтал	Педантты ы (нанымшылы	Мазасызданғыш – қорқақ тип	Циклотимді тип	Демонстративті (қыр көрсеткіш тұлға)	Тоқыраған тип	Дистимді тип	Аумалы-төкпелі тип
1	Асанова А.		+								
2	Асанова С.								+		
3	Әбубәкір О.							+			
4	Барат Б.							+			
5	Даулетова М.	+	+		+				+	+	
6	Дүйсенбай А.		+								
7	Еділбай Н.										+
8	Ербаев А.		+								
9	Ербосын П.								+		
10	Еркінбек Е.	+				+					
11	Исақ Ж.	+						+			
12	Қайратұлы А.				+						
13	Мамай З.								+		
14	Нәдірбек Б.							+			
15	Нұғманұлы Е.								+		
16	Нұралы А.								+		
17	Нұралықызы А.							+	+		
18	Сауахас М.	+						+			
19	Сатылхан Б.			+				+			

20	Уразбек А.	+									
21	Ураликызы А							+			
Жалпы		5- 22,7%	5- 22,7%	1- 4,5%	2-9,1%	1- 4,5%		8-36,4%	7- 31,8%	1- 4,5%	1- 4,5%

Қорытынды: сынып ұжымында демонстративтік тип басымырақ болғандықтан, оқушылардың көпшілігі еркін ойларын жеткізіп, сабақтарда белсенділік танытады.



II жарты жылдықтың жоспарына сай ортаңғы және жоғарғы буын сынып оқушыларына арналған сауалнамалар мен дамыту сабақтары ұйымдастырылып, хаттамалары жазылды. Әр аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері 11^{А,Б,В} сынып оқушыларына арналған дамыту сабақтары мен түсінік жұмыстары өткізілді. Мақсаты – сынама тест барысындағы оңды психологиялық ахуалды қалыптастыру болып табылады. Дамыту сабағы барысында орындалған жаттығулар:

1. Сын есіммен танысу;
2. «Мен мәреге жетемін!»;
3. Қарауыл;
4. Бос орынды иемдену;
5. Сантики, фантики;
6. Қасиеттер базары;
7. Климовтың 5 жіктемесі;
8. Құмыра ойыны;
9. Армандар орындалады;
10. Гүл күлтешесіндегі тілек;
11. Өңгімелеу емес, бейнелеу;
12. Релаксация;
13. Рефлексия т.б.

Психодиагностикалық бағыт бойынша ортаңғы буын сынып оқушыларына арналған «Кім жылдам» әдістемесі алынды. Мұндағы мақсат – баланың интеллектуалды ойлауы, логикасы, есте сақтау қабілеттеріне зерттеу жүргізу болып табылады. Нәтижесі өңделіп, қорытындысымен сынып жетекшілері мен тәрбиешілеріне таныстырылды.

Мектептің қыздар ұйымының ұйымдастыруымен қыздар жиналысы өтті. 7-9 сыныптардың шаңырақ қауымдастығының оқушылары арнайы видео даярлап, арнайы сұрақтар әзірлеген. Жоғарғы сыныптың қыз балалары

сұрақтарға жауап бере отырып, төменгі сыныптың қыздарына бағыт-бағдар көрсетті.

Ең алғаш мектепке келген оқушының бейімделу әрекеті орындалатынын ескере келе, 7-сынып оқушылары мен ата-аналарына арналған ағарту сабағы ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету. Оқушылар мен ата-анасының арасындағы қарым-қатынасын нығайта түсу. Сондай-ақ «Мектеп – ата-ана», «Оқушы – ата-ана» байланыстарын бір жолға қою болып табылады.

Күтілетін нәтижесі: Бала мен ата-анасының арасындағы жылылықты орнату.

Сабақ 5 бөлімді, яғни жаттығулардан құралды.

1. Кіріспе сөз;
2. «Біз біргеміз!» жаттығуы;
3. «Идеалды отбасы» жаттығуы;
4. «Сіз балаңызды білесіз бе?» жаттығуы;
5. «Жалғасын тап» ойыны;
6. Қорытынды.

Сабақтың бастапқы бөлімінде шаттық шеңбері құралып, танысу, сәлемдесу жаттығулары орындалды. Кіші жеткіншектер идеалды отбасын ата-аналарының балаларына деген махаббаты мен жанашырлығын бейнелеп көрсету үшін постер қорғау тапсырылды. Балаларымен қатар ата-аналар да өздерінің ойын ватманға суреттеп баяндап өтті. Ата-аналар да, балалар да махаббат ұғымының үлкен мәні бар екенін көрсете білді.

Кейінгі бөлімде ата – аналарға «Сіз балаңызды белесіз бе?» атты шағын сауалнама таратылып, нәтижесі өңделді. Сауалнама тапсыру кезінде балаларға «Жалғасын тап» деген жаттығуды орындау тапсырылды. Яғни, 4 тірек сөзді пайдаланып, бір шумақ өлең жазу қажет.

Қорытынды бөлімде ата-аналар мен балалар «Гүл күлтешесіндегі арман», «Алтын білезік» жаттығуларын орындады. Мұнда қатысушылар өздерінің арман-тілектерін қағаз бетіне түсіріп, бір-біріне тілек тілейді.

Тәрбиешілер мен ұстаздар тарапынан оқушылар психологиясындағы өзгерістерді анықтап беруді өтінген 2 сұраныс келіп түсті. Ол оқушылармен жеке әңгіме ұйымдастырылды.

16.01.2019ж күні 11-сынып оқушыларына «Жастарды қылмысқа итермелейтін не?» атты лекция сабақ өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды құқық бұзушылыққа итермелейтін жағдайлардың алдын-алу.

20.01.2019ж күні 9-сыныптармен «Өмір сүюді үйретейік» атты тренинг сабақ өткізілді.

Мақсат: Оқушылардың суицид туралы білімдерін арттыру, балаларды суицидтік іс-әрекетке итермелейтін жағдайлардың алдын алу. Тренингтің

соңында «Мейірімді алақан» жаттығуы өткізілді. Оқушылар тренингтен көп мәлімет алып бір-біріне мейірімді, кешірімді болу керектігін түсінді.

Зияткерлік мектептердің озат тәжірибесін пән мұғалімдеріне меңгертуді мақсат еткен әдістемелік семинар - кеңестер ұйымдастырылды.

«Ұлағат», «Парасат», «Зерде» шығармашылық топтарының жұмысы аталған озат тәжірибені меңгеруге бағытталды.

Пән мұғалімдеріне ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің аталған тілді меңгертуге арналған сабақтары өткізілді. Пән мұғалімдерінен ағылшын тілін меңгеру деңгейіне сай екі деңгейлік топ жасақталды.

Кітапханадан зияткерлік мектептердің озат тәжірибесі жайлы мағлұмат беретін бұрыш ұйымдастырылды.

Критериалды бағалау жүйесін сабақтарда қолдануға көп мән беріліп, бағалаудың осы түрін пән мұғалімдеріне меңгертуге арналған үйрету семинарлары ұйымдастырылды. Пән мұғалімдері сабақтарында критериалды бағалау жүйесінің негізінен формативті типін қолданды. Барлық пәндер бойынша сынып оқушыларымен келісілген түрде критерийлер жасалып, рубрикаторлар айқындалды.

Пән мұғалімдері критериалды бағалау жүйесі бойынша сыныптың негізгі журналынан тыс арнайы журнал арнап, оған бағалаудың бұл жүйесі бойынша оқушылар иеленген ұпайларды бес балдық жүйеге айналдыру негізінде бағалады. Пән мұғалімдері күнделікті сабақ жоспарларының «Бағалау» бөліміне критерийлер мен оған сай дескрипторларды жазып көрсетіп отырды. Барлық пән мұғалімдерінде критерийлер саны тақырыптың ерекшелігіне сай үш немесе төрт. Алайда кейбір пән мұғалімдерінің сабақ жоспарларында критерийлер болғанмен дескрипторларды әр тақырып сайын көрсетпеу, максималды ұпайды алтыдан кем белгілеу секілді критериалды бағалау жүйесінің стандартына қайшы кемшіліктер кездесті.

Сабақтарға ену бағалаудың бұл жаңашыл жүйесіне оқушылардың да, ұстаздардың да біршама төселгендігін айғақтады. Алайда жазу тақтасынан орын жетпеуінен, уақыттың тарлығынан әр критерийлер бойынша дескрипторларды сыныптың барлық оқушыларына көрнекі түрде көрсете алмау құбылысы кездесті. Оған мүмкіндік тек интерактивті тақтасы бар кабинеттерде ғана болды. Мұны түзету үшін дескрипторларды тұтас тарауға жасап, әр оқушының қолына қағазға шығарып беру тәсілі енгізілді.

Көптілді оқыту бойынша пән мұғалімдері әр тақырып бойынша терминдер және ол терминдер бойынша пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілген арнайы бағандар қосылған күнтізбе жоспарын жасап, күнделікті сабақ жоспарларындағы пәндік терминдерді қызыл сиямен көрнекі түрде үш тілде

көрсетіп отыруға, оқушыларға арнайы сөздік дәптер арнатуға тапсырма берді.

Ай бойында жаратылыстану пәндері бойынша сабақтарда пәндік терминдер үш тілде өз деңгейінде ұғындырылды, ал оқушылар ол терминдерді арнайы сөздік дәптерлеріне түсіріп отырды. Пән мұғалімдері арнайы күнтізбе жоспарын түзіп, сабақ жоспарларында терминдерді көрнекі түрде үш тілде жазып отырды.

Электронды оқыту жүйесінің орталық порталынан арнайы логин мен код алынып, зияткерлік мектептердің мұғалімдерінің он-лайн, он-оф режимдеріндегі сабақтары пән мұғалімдеріне, оқушыларға көрсетілді.

Мектеп сайты арқылы ата-аналар мен педагогикалық ұжым арасында электронды байланыс орнатылды, сайтқа мектеп жайлы толыққанды мәліметтер қойылды.

Ай бойында оқушылардың пән олимпиадаларына дайындық сабақтарының жүргізілуі, пән мұғалімдеріне арнайы түзілген оқу кестесіне сай жаңа ақпараттық технологияларды меңгертуге арналған сабақтарға қатысуы, пән мұғалімдерінің оқыту үрдісінде ғаламтор материалдарын, электронды оқулықтарды, көрнекі құралдарды қолдануы, тандау курстарының өз деңгейінде жүруі қадағаланды. Сабақтарға ену арқылы пән мұғалімдерінің оқыту-тәрбиелеу жұмыстарына ғылыми - дидактикалық тұрғыда талдаулар жасалып, жас мамандарға әдістемелік бағыт көрсетіліп отырды.

Аттестатталушы педагогтардың сабақтарына ену кестесіне сай комиссия мүшелері және арнайы бекітілген мамандар ағымдағы оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтардың сабақтарына енді.

Жас мамандармен жыл бойында атқарылатын жұмыстардың жоспарына сай жас мамандар математика пәнінің оқытушысы А.Спабек пен физика пәнінің мұғалімі Ғ.Оралбековтың сабақтарына тәлімгерлердің бір апталық ескертусіз енуі ұйымдастырылып, нәтижесі дөңгелек үстел түрінде талқыланды.

Сондай ақ информатика пәнінің мұғалімі Қ.Алмұханов түзілген кестеге сай жас мамандарға ақпараттық технологиялармен жұмыс жасауды меңгертуге арналған сабақтар жүргізді.

Ай бойында шығармашылық сағаттар алған пән мұғалімдерінің мұрындық болуымен «Жас ғалым» оқушылар ғылыми қоғамы мен облыстық ғылыми-әмбебап кітапханалар, жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми шығармашылық ынтымақтастық одан әрі тереңдеп, бірқатар арнайы келісім-шарттар жасалса, мектеп әкімшілігі тарапынан қоғамның жұмыс жоспарына сай қызмет атқаруына бақылау мен басшылық жасау, ғылыми-әдістемелік көмек ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Сондай ақ қоғам мүшелерінің ғылыми тақырыптары бойынша ғаламтордан ғылыми материалдар жинақтау, ғылыми жұмыстардың жекелеген бөлімдері бойынша жинақталған материалдарды жеке-жеке файлдарға жинақтау жұмыстары қолға алынды.

20.01.2019ж күні «Н.Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының озат педагогикалық тәжірибесін пән мұғалімдеріне меңгертуді мақсат еткен мектепшілік семинар-кеңес болып өтті. Мектебіміздің 48 пән мұғалімінің басын қосқан семинар-кеңесте зияткерлік мектептердің тәжірибесінде қолданылатын озат әдістемелер жайлы мұғалімдерге жан-жақты мәлімет беріліп, аталған әрбір тәжірибе бойынша пән мұғалімдеріне нақты тапсырмалар жүктелді. Сондай ақ мұғалімдердің зияткерлік мектептердің тәжірибесі жайлы ізденуіне жағдай жасау үшін шығармашылық топтардың ғаламторға енуін, пән мұғалімдерінің Шымкент қаласындағы облыстық әмбебап кітапханалардан ізденуін, тьюторлардың ғаламторды қолдануын, пән мұғалімдеріне ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің дәрістерін ұйымдастыруды реттейтін жұмыс кестелері жайлы мағлұмат берілді.

Ай бойында 11-сыныптың «Алтын белгі» белгісіне үміткер оқушыларының аталған белгіні алуға қажетті құжаттарын дайындау жұмыстары жүргізілді.

Айдың әр аптасында 11-сынып оқушыларынан ҰБТ байқау тесттері алынып, нәтижесі бойынша оқушылармен, пән мұғалімдерімен және ата-аналармен қажетті жұмыстар жүргізілді. 11-сынып оқушыларының наурыз айында алынған тесттерінің нәтижесі төмендегідей болды:

№	Жалпы балы	Пәндер бойынша орта балы			Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер	
		Математикалық сауаттылық	Оқу сауаттылығы	Қазақстан тарихы	1 бейінді пән	2 бейінді пән
1	111,7	16,3	17,3	17,7	30,3	30,1
2	114,3	16,4	17,8	17,4	31,8	30,9
3	114,9	16,8	17,7	17,4	32	31
	113,6	16,5	17,6	17,5	31,3	30,6

Интернат ғимаратында сәрсенбі және жұма күндері жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді.

Тәрбиешілермен қоса, түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді.

Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында дәрігер мен медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады.

Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға ескертілді.

Интернатта техникалық қауіпсіздік, санитарлық-гигиеналық нормаларын, еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін сақтауы қамтамасыз етілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалап отырды.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқарды.

Интернат тәрбиешілері оқушылардың аптаның әр сенбі күні үйлеріне қайтуын сынып жетекшілерімен бірге қадағалады.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалады. Сынып жетекшілермен қатар тәрбиешілерде оқушылардың білімдерін, сабаққа қатысуын үзбей қадағалады.

12-28 ақпан күндері аралығында өткен Қазақстан интеллектуалды интернет олимпиадаларына 7-11 сынып оқушылары белсене қатысты.

Мектеп әкімшілігі тарапынан ағылшын тілі, химия, биология пәндері мұғалімдерінің сабақтарына ену жұмысы жасалды. Жас мамандардың сабақтарына да қатысу назардан тыс қалмады. Атап айтсақ Спабек Айбектің,

Назар Гүлдананың, Дария Тружникованың сабақтарына ену жасалып, ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

«Өзін-өзі тану : Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» тақырыбында мектепшілік онкүндік ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа, сыйластыққа, қамқорлыққа, татулыққа, сүйіспеншілікке, махаббатты бағалай білуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу. Оқушылардың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді дарыту, пән мұғалімдерінің өзара іс-тәжірибе алмасуына жағдай жасау. Онкүндікте атқарылатын іс-шаралар оқушылар мен мектеп ұжымына таңғы салтанатты жиында таныстырылды.

Салтанатты жиын ҚР әнұранымен басталды. «Өзін-өзі тану» пәні туралы жалпы түсінік беру мақсатында «Өзін-өзі тану» пән мұғалімі И.Бегайдарова



қысқаша баяндама жасау арқылы пәннің шығу тарихына тоқталды. Сара Алпысқызының жасаған еңбектерін таныстыру мақсатында 11 -сынып оқушысы Асанова Сара «Алтын жүректі ана» атты баяндама оқыды. 10-сынып оқушысы Жанар Төребек Г.Тлеуханның «Ұлты сүйген - ел ана» атты өлеңін оқыды. Салтанатты жиында өзін-өзі тану пәнінің әдісі бойынша «Дорогою добра» топтық әні айтылып, жоба авторы Сара Алпысқызы Назарбаеваның мектептегі рухани-адамгершілік тәрбие жайлы айтылған «Адамды сүю» видеосынан үзінді көрсетілді. Салтанатты жиын аяқталғанда оқушылар мен мұғалімдер бір-біріне деген жылы тілектерін қабырға стенд газетіне жазды.

